

«Ислам туралы қысқаша мәлімет» сериясы

Ы.АЛТЫНСАРИН

МҰСЫЛМАНШЫЛЫҚТЫҢ ТҰТҚАСЫ

Көркемдеуші дизайнер: Каленов Н.Н.
Корректоры: Ордашева С.
Баспаға дайындаған: Аминов В.И.
Жауапты редактор: Артықбаев Ғ.Ж.

Баспаға 2014 ж. жіберілді.
Таралымы 1 500 дана.

«Фатима-принт» баспаханасында шығарылды.
Ақтөбе қаласы, 312 атқыштар дивизиясы көшесі, 30^а
тел.: 8-777-307-5219
e-mail: fatima_print@mail.ru

«Ислам туралы қысқаша мәлімет» сериясы

МҰСЫЛМАНШЫЛЫҚТЫҢ ТҰТҚАСЫ

«ШАРАИТ-УЛ- ИСЛАМ»

شرائط الإسلام

Ақтөбе
«Фатима-принт» баспаханасы
2014 жыл

**Маңғыстау облысы Дін істері басқармасының
тапсырысы бойынша шығарылды**

Ислам діні – қазақтың қанына сіңіп, қалпын түзеген, дәстүрі мен салтына кірігіп үйлесім тапқан, ұлттың ұйытқысына айналған жан айнасы. Мұның дәлелі – «Бір Алланың атымен, Кел, балалар оқылық» деп елді білім, ғылым жолына шақырған Ыбырай атамиздың қолыңыздағы кітабы. Үшбу кітап - дінге ден қойған мұсылман қауымның шариғат шарттарын танып білуіне септігі зор.

Аталмыш еңбекте - Алласына бет бұрған әрбір пенденің парыздары мен таным білімін көркейте түсетін фікірге толы. Тілі жатық, түсінікке оңай жазылған.

Осы орайда аталмыш еңбектің түпнұсқасын көздің қарашығындай ұзақ жылдар бойы сақтап, қайта өңделіп, жарыққа шығуына зор үлес қосқан дін жанашыры Ешниязов Ғалымжан ақсақалға шексіз алғыс білдіреміз.

Кітапша барлық оқырман қауымға арналған.

Мұсылманшылықтың тұтқасы.

(«Шарайт-ул-ислам») Основы мусульманства (корни) -

Ақтөбе, «Фатима-принт» баспаханасы 2014. – 64б.

Таралымы – 1 500 дана

періште келіп бір-бірімен сөйлесіпті:

«Ләбид сиқырлап түйіндер жасап, пайғамбарды ауырту үшін құдық түбіне салды», – деп. Ұйқыдан оянған соң пайғамбар әлэйһиссәләм құдықтан әлгі түйнелген нәрселерді алдырған уақытында (құль әғузү би раббил фәләк)²⁴⁹ пен (құль әғузү би раббин-нәс)²⁵⁰ екі сүре енді һәм бұл екі сүрені оқыған соң түйнектер өз-өзінен жазылып, пайғамбар әлэйһиссәләмға сиқырдан ешбір зиян болмады.

(Бисмилләһир-рахманир-рахим) (Құль) айт, Мұхаммед, (әғузү) сиынамын мен (би раббил-фәләк) таңды жаратушы Аллаға (мин шәрри мә) сиынамын сол нәрселердің жауыздығынан (халәк) жаратты оларды Алла тағала, яғни Құдай тағаланың зияндас қылып жаратқан зат, мақлұғының жауыздықтарынан сақта деп сиынамын (уә мин шәрри ғасикин) және сиынамын қараңғы кештердің жамандықтарынан (изә уәқаб) дүние қараңғылық қаптаған уақыттағы (уә мин шәррин-нәфәсәти) және сиынамын жауыздықпен үшкіруші²⁵¹ қатындардан (фил уақад) түйіндер ішінде (уә мин шәрри хасидин) және сиынамын Құдайыма күншілдердің зұлымдығынан (изә хасәд) күншілік еткен, уақыттарында.

(Бисмилләһир-рахманир-рахим) (Құль) айт, ей, Мұхаммед, (әғузү) сиынамын (би раббин-нәси мәликин-нәс) адамдардың уә барша хайуандардың патшасына, (иляһин-нәси) адам мен барша хайуанаттардың тәңірісіне (мин шәррил-уәс-уәси) көңіллі уәсуәса²⁵² қылатын шайтаннан күтқар деп сыйынамын (әл-ханнас) Ханнас деген көңілде жасырын тұратын шайтан-ды (әлләзи) ол ханнас (юәсуису) уәсуәса қылар (фи судурин-нәси) адам перілердің көңілдерінде (минәл-жиннәти уән-нәси) болушы-ды ол Ханнас адам мен перілерден.

²⁴⁹Әл-Фәләк – Құранның 113-сүресі.

²⁵⁰Ән-Нәс – Құранның 114-сүресі.

²⁵¹Үшкіркуші – үшкіруші, дем салушы.

²⁵²Уәсуәса – азғыру, алдау, еліктіру.

МҰСЫЛМАНШЫЛЫҚТЫҢ ТҮТҚАСЫ

شَارَايِت ۛلِ يَسْلَام

Бисмилләһи-р-рахмәни-р-рахим – Қайыр-рақымы мол Алланың атымен бастаймын!

Қанша мақтау бір Құдай тәбарак уә Тағалаға¹ лайық, Ол лайықтығында ешбір зат, мақлұқта теңдесі жоқ. Бұл – үстіміздегі шеті-шегі жоқ көк, күндіз болса дүниені жарық еткен күн, кеш болса күлімсіреп тұрған ай, жұлдыздарменен, бұл – дүниені айналып жатқан шеті жоқ мұхит, теңіздері һәм таулардан таза жауһардай жылтырап аққан өзендері, ішінде неше алуан мақұлықтар, балықтарыменен, астымызда біздің дүниеміз атанған жер – қазып қарасақ астында алтын, күміс, мыс, бақыр теміріменен һәм үстінен қарасаң алыстан тұманданып көрінген, ішіне кірсең жапырақтары жайқалып, дүнияға хош иістер жайған биік орман ағаштар, алуан-алуан жеміс шешектеріменен желкілдеп шыққан неше-неше түрлі, көк шөптер, гүл-жапырақтары һәм неше алуан дәмді дәру һәм тамақ болатын тұқымдарыменен, мәселен, бидай, тары, алма, жүзім рәуішті, қырда, орманда, теңізде неше-неше түрлі жаратылған алуан-алуан мақұлықтар – өрмелеген тышқаннан бастап, таудай биік пілдерге шейін, кішкентай ғана құрт шабақтан бастап, ұзын бойы он саржан, ауырлығы жеті-сегіз мың пұттаған балықтарға шейін, кішкентай ғана шымшықтан, сайрап тұрған сандуғаштардан бастап, қой мен бұзауларды аспанға алып ұшуға жарайтын бүркіттерімен соншама зат, мақұлықтың бәрін де Құдай берген ақыл-хайламенен жинап алып, өз пайдасына жаратып, неше түрлі һәм неше жүз, һәм мың түрлі патшалы, патшасыз жұрт болып тұрған адамзаттар – мұның бәрі де жалғыз теңдесі жоқ, ұқсасы жоқ бір Құдайдың барлығына, бірлігіне һәм кәміл жаратушы халиқ-қадір² екендігіне дәлел болса керек. Оның үшін мұншама ғажайып ойлап, ақыл жетпейтін естір һәм зат мақлұқаттар бір Құдайдың бұл деген жалғыз бұйрығымен болғандыр.

Мұнан соң мақтауға лайық пайғамбарымыз Мұхаммад Мұстафа, салләллаһу алейһи уәссаламға. Адамзаттың қараңғы, надан уақыттарында от пен суды һәм қолдан істеген ағаш суреттерді құдай деп біліп, адал-арамды бұзықтық пен түзіктікті танымай, бәлкім айуан қалпында жүрген замандарда Құдай тағала бұйрығыменен пайғамбар

¹Тәбарак уә тағала – құрметті және аса жоғары мәртебелі.

²Халиқ қадір – күшті жаратушы.

болып келіп, адамзатқа түзу жолды үйретіп, шын Құдайын танытып, шын діннің хәм дүнианың ғылымдарын көрсетіп беріп еді.

Бұл пайғамбарымыз әләйһис-сәләмның⁴ қалдырып кеткен Құдай тағаладан өндірілген Құран шәрифтегі⁵ сөздерін хәм пайғамбарымыздың өз тарапынан бұйырған үгіттерін оның шәкірттері хәм ғұламалары ауызбен айтып, хәм кітаптарға жазып дүния жүзіне жайып, неше-неше қараңғылық, надандықта жүрген халықтарды дұрыс адамдық санатына айналдырды. Соның үшін Құдай тағаланың рақметі болсын, пайғамбар әләйһис сәләмның асхабтарына⁶ хәм шарифат жолын ұстап, өздерінің таза құлық, жұмсақ шырын сөздерімен надан халыққа ғибрат болып, ахирет жолын танытқан мүжтахид⁷ әулиелерге уә барша ізгі мұсылмандарға, әй, рақмат айтушылардың рақмат етушісі, Құдайым, өзін рақым қыл.

Мұның соңында бұл кітапты жазып шығарған себебіміз, әркімге мәлім Кәләм шәриф⁸ хәм үлкен ғылыми кітаптар араб тілінде жазылулы. Араб тілін әркімге білмек хәм қиын хәм көп қара халыққа мүмкін де емес. Мұнан ғайри⁹ және сөздері де не араб, не парсы тілінде болып, әр жұрттың лұғаты¹⁰ бөлек болуынан көп оқымаған адамдар аят хадисте бұйырылған хәм әр мұсылманға керекті қысқа ғылымдарды да білуге қадыр бола алмады.

Арабтың тілі сөзге байырақ хәм қошырақ болуынан хәм пайғамбарымыз араб жұртынан болуы себепті, арабша Кәләм шәриф¹¹ араб тілінде еніп ол тілді білмек мұсылмандарға парыз кифайа¹² болса да, бір халықтың ішінде араб тілін бір адам білуменен де ол халықтың мойнынан парыз түседі. Соның үшін намаз ішінде яки Құран аяттарын хәм арабша дұғалардың мағынасын да қай тілмен оқыса да дұрыс десіпті.

³ Саллаллаһу әләйһи уә сәлләм-оған Алланың игілігімен сәлемі болсын (Мұхаммед пайғамбардың аты аталған соң айтылатын дәріптеу сөзі).

⁴ Әләйһиссәләм – Оған (Алланың) сәлемі болсын (3-ні қараңыз).

⁵ Құран шәрифтегі – Қасиетті Құрандағы.

⁶ Асхабтар (асхаб, сахаба) – жолдастары, серіктері, Мұхаммед пайғамбардың тірі кезінде көріп, исламды қабылдап, мұсылман болып қайтқан кісілер.

⁷ Мұжтахид – діни заң ғылымдарының ең жоғарғы сатысына жеткен адам.

⁸ Кәләм шәриф – қасиетті сөз.

⁹ Ғайри, (ғайри, ғайр) – басқа, бөтен.

¹⁰ Лұғаты – тілі.

¹¹ Кәләм шәриф – 8-ні қараңыз.

¹² Парыз кифайа – жалпы (барлық адамдар үшін) парыз.

хәбтың екі қолы жансыз болып қатып қалды. Мұнан соң қорқып Әбу Ләһәб пайғамбарымызға жалбарынды: «Я, Мұхаммед, жеңгенмен мен саған күнәлі болдық, дұға қыл, бізді бұл бәледен құтқар», – деп.

Пайғамбар әләйһиссәләм дұшпанына да жауыз дұға қылмайтын әдеті бойынша бұған да мейірі түсіп, аяп, Құдайға жалбарынып дұға қылды хәм Умму Жамил мен Әбу Ләһәб дерттерінен дереу сауықты. Сол турада осы сүре²⁴⁷ айтыпты: (тәббәт ядәә әби ләһәб) нәлеттік тапты, яғни кұрыды Әбу Ләһәбтың екі қолы (уә тәббә) және әлек болды (мә әғнә аһну) жәрдем бермеді хәм бере алмас мұндай азабымнан құтқаруға (малюһу) Әбу Ләһәбтың малы (уә мә) және сондай нәрсе (кәсәб) кәсіп қылған істері (сәясля) тез кірер ол Әбу Ләһәб (нәран) отқа (зәтә ләһәбин) жалған иесі отқа кірер Әбу Ләһәб (уәмпра'әтуһу) және Әбу Ләһәбтың қатыны (хаммәлятәл-хатаб) байы мен екеуі азаптың тікенек сифатыларын үстіне артып жүріп отпен азапталар (фи жидиһә) болушы-ды, Әбу Ләһәбтың қатынының мойнында (хәблун) бір жіп болушы-ды (мин мәсәд) құрма бұтағынан есіп жасалынған.

(Бисмилләһир-рахманир-рахим) Бір күні Мекке кәпірлері пайғамбарымызға келіп: «Я, Мұхаммед, Тәңіріңнің сипатын бізге сөйле, алтыннан ба, күмістен бе?» – деп сұрады. Құдай тағала сонда бұл сүрені²⁴⁸ ендірді; (құль) айт, ей, Мұхаммед, (һуә) ол Алла тағала (Аллаһу әһад) бір-ді, ұқсассыз, серіксіз мекенсіз, замансыз (Аллаһу) деп айт және ол Алланы (әс-самәд) еш мұқтажы жоқ, ішуден, жеуден таза кәміл сипатта деп (ләм ялид) туғызбады Алла тағала (уә ләм юляд) және тудырылмады, ол Алла тағала әуелден ахыр дайым бар-ды (уә ләм якун) болмады хәм болмас та (ләһу) ол Алла тағалаға (куфуән) теңдес болмас (әһад) ешбіреу.

(Бисмилләһир-рахманир-рахим) Мекке кәпірлері пайғамбарымыз Мұхаммед әләйһиссәләмды сиқырлап өлтіруге қас етіп, Ләбид ибн Асамм деген сиқыршыны жалдапты, Ләбидтың бес қызы бар еді. Бәрі де сиқыршылар еді. Сонымен, Ләбид пайғамбарымыздың киімінен бір аз ғана жыртып алдырып, әлгі қыздардың шаштарымен он екі түйнек түйнеп, сиқыр дуалатып оқып, құдық түбіне салыпты. Сол уақытта пайғамбарымыздың түсінде екі

²⁴⁷ Әл-Мәсәд – Құранның 111-сүресі.

²⁴⁸ Әл-Ихлас – Құранның 112-сүресі.

(уә лия дини) менің дінім маған. Яғни әркім өз дінінің пайдалалын өзі көрер деген мағынада.

(Бисмилләһир-рахманир-рахим) (изә)²⁴⁵ сол заманда (жәә нәсруллаһи) яғни, келді саған, ей, Мұхаммед, дін исламға куат берушілер (уәл-фәтх) және дін исламды ашушылар келді һәм мұнан соң да келе берер (уә раәйтән-нәсә) көрдің сен, ей, Мұхаммед, адам-дарды һәм өлмесіңнен бұрын да, өлген соң да көресің (ядхулунә) кіргендерді көрерсің (фи динилляһи) Алла тағаланың дініне яғни ислам, дініне (әфуәжан) топ-топ болып кіргенін көрдің һәм көре берерсің. Оның үшін дін ислам қияметке шейін өзгермейтін ақырғы дінді (фәсәббих бихамди раббикә) олай болса, ей, Мұхаммед, Құдай тағалаңа шукран²⁴⁶ етіп мақтау айт (уәстәғфирһу) және үмбеттеріңнің күнәсін жарылқамағымды тіле (иннәһу кәнә) рас болды, ол Алла тағала һәм болар (тәууәбән) тәубе қылғандардың тәубесін қабыл етуші.

(Бисмилләһир-рахманир-рахим) Бір күні Құдай тәбарак уә тағаладан Мұхаммед пайғамбарымызға бұйрық болды (уә әнзир аширатәкәл-ақрабин) яғни ей, Мұхаммед, қорқыт өзіңнің ағайындарыңды деп, сол себептен пайғамбарымыз әләйһиссәләм қырық күнге шейін Сафа тауының басына шығып, қатты дауыспен мұсылман болмағандарға ахиретте болатын жаза мәнісін айтар еді. Әбу Ләһәб дейтін пайғамбарымыздың атасының бір туған ағасы һәм оның қатыны Умму Жамилмен екеуі бұл Мұхаммед қайдағы жоқ азаптарды айтып қорқытады деп, жек көруші еді.

Бір күні хуфтан намазының алдында Умму Жамил пайғамбарымыздың жүретін жолына тікенек салып қойды. Түнде келе жатқанда аяғына қадалып жараланып, ертең тауға бара алмасын деп, Жәбраил періште ол тікенекті пайғамбар жолынан алып Әбу Ләһәб есігінің алдына қойды. Ертеңіне Умму Жамил өзі далаға шыға келгенде тікенектерге басып аяғы зор жара болып, сонан қатты сырқау болды.

Әбу Ләһәб айтты: – Бұл Мұхаммедтің сиқырмен істеген ісі, уәллаһи, Мұхаммедті таспен атқылап өлтіремін, – деп ант ішті. Сонан соң ертеңіне пайғамбарымыз соңынан тауға келіп, бір үлкен тасты көтеріп, пайғамбарға атайын дегенде Әбу Лә-

²⁴⁵Ән-Наср – Құранның 110-сүресі.

²⁴⁶Шукран – алғыс айту.

Хатта¹³ біздің имам-Ағзам мазхабында¹⁴ осы рәуішті арабтан басқа тілменен намаз оқығандардың имам болуы да дұрыс деген. Ләкин¹⁵ ислам мәнісін білмек әрбір мұсылманның өз басына парыз. Әлгі рәуіште мұсылманшылықтың шартын ел ішінде молдалары біліп бөтендері білмегенмен бұл білмегендердің мойнынан парыз түспейді. Парыз түсу түгіл бұл мұқтаж шарттарды білмеген кісі мұсылман да болмайды. Құдай тағала өзі сақтасын, соның үшін бізбен қатар татар, түркі уә ғайри¹⁶ халықтар аят хадистің¹⁷ мұқтаж, керекті бұйрықтарын өз тілінше көшіріп, түсінетін кітаптар шығарып, діннің ғылымын жұрттарына жайды. Бірақ біздің қазақ тілінде әркім түсініп оқып немесе біреу оқыса тыңдаған кара халық түсініп отыратын бір де бір кітап жоқ. Сол себептен жалғыз кітап таныған молдалар болмаса көп кара халық өзінің діні не екенін де кәміл түсінбейді. Хатта көп адам осы қалыпша кәпір болып та жүрген шығар. Мұны көріп біз, фақыр¹⁸ Қыпшақ руының Ибраһим Балғожабиұғлы, қарындас халқымыз қазақ жұртына пайда келтірмек ниетпен һәм қараңғы туғандарымызды түсінікті тілменен өзінің дінін түсіндіру үшін бұл кітапты жазуға кірістік. Құдай тәбарәк уә тағала¹⁹ қайырлы еткей еді, әмин! Ей, екі дүниенің иесі – Құдайым, әр пенденің ниет-пиғылы бір өзіңе белгілі-ді. Бұл кітап ішіндегі бұйрықтар қайсысы аят-хадистен²⁰, қайсысы шаһар Петербургке имам жамиғ²¹ мулла Атаулла бин Баязид есімді молланың әр кітаптардан жинап шығарған «Ислам» деген кітабынан һәм мұнан ғайри зор игтибарлы²² кітаптардан қаралып, неше-неше рет саналып, теңдестіріліп жазылды. Оқығандар хайр дұғаларынан қалдырмағай еді. Енді, ей дін-қарындастырымыз, бізге ең әуелі керегірек іс – сол, әуелі білмек керек немен мұсылман болатынымызды.

¹³Хатта – тіпті.

¹⁴Имам-Ағзам мазхабы – ислам дінінің бір жігінің аты, сунни құқықтық мектеп.

¹⁵Ләкин – бірақ.

¹⁶Уә ғайри – және де басқа.

¹⁷Аят-хадис – аят – Құранның жеке бөлігі, Хадис – Мұхаммед пайғамбар және оның жолдастарының айтқандары, іс әрекеттері мен әдеттері туралы деректер.

¹⁸Фақыр – кедей, бейшара, пақыр.

¹⁹Құдай тәбарак уә тағала – 1-ші түсініктемені қараңыз.

²⁰Аят-хадис – 17-ші түсініктемені қараңыз.

²¹Жамиғ – мешіт, имам жамиғ – мешіт имамы.

²²Игтибарлы – құрметті, маңызды.

Мумин²³ мұсылманның мұсылман аталуы құр мұсылман киімін киіп, мұсылман арасында жүргеннен емес. Әуелі иманды болып, ол иман деген не екеніне түсініп, түсінген соң сол иман ішіндегі сөздерді шексіз шын көңілмен дұрыс деп білген кісіні мұсылман деп атайды. Соның үшін Құдай тағаланың пенделеріне парыз еткен парыздарының ең әуелі иман болса керек. Иманнан соң дін ғылымы дүр.

Дін ғылымы дегеніміз Құдай тағала пенделеріне екі жол көрсетті: бір жолы – осылай бар деп бұйырған жолы, екіншісі — бұл жолға түспе деп тыйған жол. Әуелгі жолдың баратын ұшы – ұжмақ, соңғы жолдың ұшы – тамұқ. Әр екі жолды көрсетіп қойып, қайсысына түсудің ықтиярын бұл дүниеде Құдай тағала адамның өзіне берді. Осы екі жолдың мәнісін түсініп үйренуді дін ғылымы деп атаймыз.

Осылайша иман мен дін ғылымын үйреніп, соның бойынша дүниеде іс істеуді амал²⁴ деседі. Пенделердің амалының немесе істейтін істерінің бағзысы көңілменен, һәм денемен болады. Көңілмен дегеніміз – көңілмен шындап-дұрыстауды, мәселен, иман рәуіштіні айтады. Денемен деп қолмен дәрет алып, намаз оқу рәуіштілер айтылады. Бірақ әрбір жақсы амалдардың да асыл түбі иманнан, яғни инанудан келеді. Имансыз еткен жақсылықтың пайдасы жоқ. Мәселен, біреу намаз оқыса да, ол намаздың керектігін көңілі дұрыстамаса, әлбетте, ол намаз болып табылмас.

Осыларды ойлап-ойлап қарап, бұл кітапты үш бабқа немесе бөлімге бөлдік. Әуелгісі – иман мәнісін айтатын баб, екінші – сыртқарыға, әркімнің көзіне көрінетін амалдарының турасында, мұны арабша амал захир²⁵ деп атайды, үшіншісі – көңілдегі жақсылық-жамандық ниеттер турасындағы баб, мұны арабша ахлак²⁶ деп атайды.

Біздің басқа да үйренушілерге қашанда иман мен дін мәнісін осы ретпен үйретерге керек. Бұлайынша үйретпей, мәселен, иманнан бұрын намаз, ораза мәнісін үйретуші кісі күнәһар болар, бәлкі, күпірлік қауіп бар деген сөз.

²³Мумин – дінге сенуші, исламға берілген .

²⁴Амал – іс-әрекет.

²⁵Амал захир – сырт көзге көрінетін іс-әрекет.

²⁶Ахлак – мінез-құлықтар .

лықпен ала бастаушыды

Халыққа айтатын дәлелдері – «өлгеннің малы қазынаға тиісті, біз алып қазынаға саламыз», – деп және екінші әдеттері зекет беруден таюшы-ды, «Зекет пақыр мискинге тиісті емес, қазынаға тиісті» деп. Бірақ алған зекетін қазынаға салмай өздері пайдаланушы-ды (фәзәликә) ол көрген екі кісің яғни Әбу Жәһл мен Ас (әлләзи) сондай кісілерді (ядуғғул-ятима) жетімдерге қиянат етуші, аталарынан қалған мирасын тартып алып (уә ля яхудду) және көңілденбес өздері һәм көңілдендірмес бөтендерді, (аля тағамил-мискин) мискиндерге тамақ беруге және екі жүзді ме өтірік мұсылман болып жүргендердің мінезі намаздың уақытын жори өткеріп оқып не істесе риямен сыртынан ғана істеп тірісіндегі көршілердің бейшаралары бір нәрсе уақытша сұрай келсе, бермей һәм көп сөгіп, ренжітіп қайтарар еді. Солар хақында Құдай тағала бұйырды: (фәуәйлун) өкінішті болар яки Уәил деген шұңқырда әлек болар (лил-муссалинә, әлләзинә) сондай намаз оқушылар (һум) олар (ан сәлятиһим сәһунә) намаздарының уақыттарынан ғафілді²⁴² яғни намазды көре, біле оқымай қалдырып, қаза оқимыз деп тұрып қазасын да өтемес еді, (әлләзинә) ол жүз күйелер (һум) олар (юраунә) рияменен амал қылушылар Уәил шұңқыранда һәлик²⁴³ болар (уә ямнәғунәл-мәғунә) және болмашы нәрселерді көршілеріне бермей сөгіп ренжушілерге болар ол Уәил шұңқыры.

(Бисмилләһир-рахманир-рахим) Мекке кәпірлері пайғамбарымыз әләйһиссәләмға келіп: «Я, Мұхаммед, сен біздің пұттарымызға бір жыл құлшылық қыл, екінші жыл сенің тәңіріңе біз құлшылық етелік. Сонан соң қай ұнамдырағын (Құдай) етелік десіпті. Соның себебінен Құдай тағаладан осы сүре²⁴⁴ ендірілді: (күль) айт, ей, Мұхаммед, (яә, әюһәл-кәфирун) ей, көп кәпірлер, (ля ағбуду) құлшылық қылмасын (мә тәғбудун) сіздің құлшылық еткен пұттарға (уә ля әнтум) және емессіз сіз (абидунә) құлшылық етушілерден (мә ағбуд) мен құлшылық еткен Құдайыма (уә ля әнә абидун) және емес пін құлшылық етуші мұнан соңғы замандарда да (мә абәдтум) сіздер құлшылық еткен пұттарға (уә ля әнтум) және емессіз сіз (абидунә) құлшылық етушілерден (мә ағбуд) мен құлшылық еткен Құдайыма (ләкум динукум) сіздің дініңіз сізге

²⁴²Ғафілдік – ұқыпсыздық, салақтық, әдепсіздік.

²⁴³Һәлик – опат болу, жоқ болу.

²⁴⁴Әл-Кәфирун – Құранның 109-сүресі.

ӘУЕЛГІ БАБ ИМАН ТУРАСЫНДА

лудың соңында бар күшін, қуатын жаман пиғыл мен дүние табуға ысырап²³⁷ етіп, жақсылық істерден тоқталып, ахирет дәрежесінен құры қалушы²³⁸ (илля) бірақ өкініште болмас (әлләзинә) сондай кісілер - (әмәнү) иман келтіргендері (уә амилус - салихати) һәм жақсылық істерді істесті (уә тәуәсау) және бұйырысты бір-біріне (бил-хаққи) хақтық жолда (уә тауәсау) және бұйырысты бір-біріне (бис-сабри) Алла тағаланың дүниеде берген бәле қазаларына сабыр етуге.

(Бисмилләһир-рахманир-рахим) (уәйлун)²³⁹ әлек болар (немесе қайсыбір тафсирлерде уәйл²⁴⁰ деген жаһаннамдағы бір шұңқырдың аты десіпті) (ликулли һумәзәтин люмәзәтин) һәр адамның жүзін жыртып, көз алдында сөгіп, ғайбат етушілерге болар ол әлектік (әлләзи жамәға мәлән) жияды өзінің малын (уә ғаддәдәһу) һәм есеп етеді. Малы барға зекет парыз болғанға не үшін пақырларға мал беремін деп соныңмен иманнан құры қалады (яхсәбу) есеп етеді, ол ғайбатшы (әннә мәләһу) қолындағы мал (әхләдәһу) мәңгі қалар деп (кәлля) хақиқатта мал мәңгіге қалмас (ләюнба-зәннә) әлбетте, аталар ол өсекші малдары менен (фил хутамәти) хутама деген тамуға (уә мә әдракә мәл-хутамату) кім білдірді саған ол хутама деген тамуды, егер білмесең ол хутаманы (нәруллаһил-муқадәту) Алла тағаланың бір қыздырылған қаһар оты-ды (әлляти) сондай от-ты ол (тәталлиғу әләл-әфьидәти) ол оттың ыссысы жүректеріне шейін өртер (иннәһә) дұрыс-ты, яки лайықты ол хутама (әләһним) ол кафирлерге (мусадә) мына хутаманның есіктері байланушы-ды, яғни тиісті күнәһар кафирлер кірген соң хутаманың есігі жабылар (фи ғамәдин мумәддәдәти) қалушы-ды олар хутаманың ішінде оттан жаралған тіректерменен. Бұл сүренің енген себебі, Уәлид ибн Муғира деген кафир зекет беруден қашып, иман келтірмей һәм пайғамбарымызды көзінен һәм сыртынан ғайбаттап сөгетін еді. Соның турасында енді десіпті.

(Бисмилләһир-р-рахмани-р-рахим) (әрайтәлләзи)²⁴¹ көрдің бе, ей, Мұхаммед, сондай кісілерді, яғни Әбу Жәһл менен Ас ибн Уәил дегеннің түпкілікті жаһаннами екендігін (юкәззибу бид-дин) жалғанға тұтады олар қиямет күнін, бұл екі малғұнның әдеттері – біреу ауру болса қасына барып «өзің өлсең, бізге малыңнан бөліп қалдыр», – деп айтар еді. Мұнан соң ауру кісі бұл рәуішті кісіден қалған малды зор-

Иманның екі мағынасы бар: бірі – тіл мағынасы. Тіл мағынасы дегеніміз – әркім тілмен айтып растамақ. Мәселен, мұсылманшылығымызға бас куәлік – сөзіміз немесе араб тілінше шәһәда - иманымыз «*ашһәду ән лә иләһә иллаллаһ уә ашһәду әннә мухаммәдән абдуһу уә расулүһу*»²⁷ болса керек. Яғни куәлік беремін: жоқ-ты бір Құдайдан бөтен құдай және куәлік беремін, Мұхаммед оның құлы һәм елшісі екендігіне деп, шарифат мағынасы растағанда ол иманды көңілмен растамақ. Бұл растамақ дегеніміз, жалғыз «Құдай тағала бар, Мұхаммед хақ пайғамбар» деп айту ғана емес, пайғамбарды хақ деп біліп һәм ол пайғамбарымыз әләһис-сәләмның Алла тағала жанбунан²⁸ алып келген қанша парыз бұйрықтары болса, мәселен, намаз, руза рәуішті, осылардың бәрін де тілмен рас деп айтып һәм шын көңілмен растығына сенбек. Мәселен, біреу Құдай тағаланың жанбунан алып келген намаз, руза²⁹ рәуішті бұйрықтарды растамаса немесе растығына көңілі бос болып шек кылса да кәпір болар. Иман пенделерде үш түрлі болар. Бір түрін иман тахқиқи³⁰ деп атайды. Бұл иман тахқиқи дегеніміз сондай иман хазірет Расул Алла Тағаланың жанбунан алып келген бұйрықтарын бекер деп бүтін дүние жұрты сөйлеп тұрса да, ол жақсы адам сол растаған қалпынан көңілі заррадай³¹ қозғалып қайтпас. Бұл иман – кәміл иман, Құдай тағала қасында зор мәртебедегі адамдардың иманындай.

Екінші түрі — иман истидләли³² деген. Құдай тәбарак уә тағала барлығын һәм бірлігін дәлелменен, ақылмен ойлап болып растатуды айтады. Яғни бұл көк пен жер, ай мен күн, теңіздер, адамдар уә ғәйри дүниедегі ғажайып зат, мақлұқтардың бәрі әуелінде өз-өзінен жаратыла алмайды ғой, мұны жаратушы ешкімге теңдесі жоқ бір ие болса керек деп, Алла тағаланың барлығын осынан түсініп, біліп және егер Құдай тағала екеу, үшеу болса әр патшаның заңы әр түрлі болған рәуішті жаратқан дүниелері де әр түрлі болып һәм араларында араздық, татулық рәуіштілер болар еді.

²⁷Шәһәда – куәлік беру.

²⁸Жанбунан – жанынан.

²⁹Руза, руза – парсыша ораза.

³⁰Иман тахқиқи – ақиқаттығын бекіту иманы (сенімі)

³¹Заррадай – тозаңдай.

³²Иман истидләли – шешімге келу иманы.

²³⁷Сырап – ысырап.

²³⁸Құры қалаушы – құр қалушы.

²³⁹Әл-һумәзә – Құранның 104-сүресі.

²⁴⁰Уәйл – тозақтың ең шұңқыры.

²⁴¹Әл-мәғун – Құранның 107-сүресі.

Көктегі, жердегі зат – мақлұқтың өзгермейтін бір қалыпша, бейне бір жүргізіп жіберген сағаттай өз-өзінен қалпынан танбай келуіне қарап Құдай тағаланың екі емес, бір екендігін осыдан танып, осылайша Құдай тағаланың барлық, бірлігін дұрыстауды – иман истидләли³³ деп айтады. Бұл рәуіште иман келтірмек әркімге уәжиб³⁴, уәжибті орнына келтірмегендер күнәһар болар.

Үшінші бір түрі — иман тақлиди³⁵. Бұл иман – өз ақылымен Құдайды танымайынша, ата-бабаларының ұстап келе жатқан жолы ғой деп иман келтіргендердің иманы болар. Әрине, бұл иман надан халықта болады, соның үшін ең әлсізірегі болса керек. Өзі еш нәрсеге түсінбей, біреудің сөзіне, мысалына еріп іс етуші кісі және бір айыпты шайтандай азғырушыға жолықса, бұл азғырушыға және еріп кетіп, діннен шығуы да жеңіл болғаны үшін. Бірақ осылайша әлсіз, қауіп-қатері көбірек иман болса да, Құдай тәбарак уә тағала бұл иманды да дұрыс деген хәм Кәләм шәрифінде бұйырған:

ولا تقولوا لمن ألقى اليكم السلام لست مؤمنا

(уә лә тақулу лиман әлқа иләйкумәс сәләәмә ләстә муминан) яғни «ассалаум ағалейкум!» деп сәлем бере білген кісіге де «мұсылман емессің деменіз» депті.

Жоғарыда айттық, Құдай тәбарак жанбунан пайғамбарымыз Мұхаммад Мұстафа салләллаһу әләйһи уә сәлләм не түрлі керекті бұйрықтар келтірсе – бәріне иланумен мұсылман боламыз деп. Құдай тағала Құран карим³⁷ ішінде баян еткен хәм пайғамбарымызға берілген сол, айтсақ керек «иландым Алла тағалаға, хәм періштелеріне, хәм кітаптарына, хәм расулдарына, хәм ақырет күніне, жақсылық-жамандық Алла тағаланың тағдырынан екеніне, хәм өлген соң тірілмегімізге» деп. Егер біреу сұраса: «Құдай Тағаланың жаратушы екенін неден білдің?» деп, – жауап беру керек – екі дәлелмен білдім: біреуі – нақли дәлел, біреуі – ақли дәлел. Нақли дәлел дегеніміз сол – Құдай Тәбарак уә Тағала Кәләм шәрифте бұйырды: *وخلق كل شيء* (уә халақа куллә шаййин), яғни, «әр нәрсені Құдай жаратты» деп.

³³Иман истидләли – шешімге келу иманы.

³⁴Уәжиб – міндет, борыш.

³⁵Иман тақлиди – дәстүрлі иман.

³⁶Мұхаммад Мұстафа салләллаһу әләйһи уә сәлләм – оған Алланың ігілігімен сәлемі болсын сайланған (Мұстафа-таңдалған) (3-ші түсініктемені қараңыз).

³⁷Құран карим – Қасиетті Құран.

рәуішті толқынданып тұрар, (уә такунул-жибалу) болар ол күнде таулар (кәл- ғиһнил - мәнфуши) түткен жүн секілді (фә ммә мән сәкулят мәуәзинуһу) егер біреудің жақсылық амалдары ауыр келсе (фәһуә) ол кісі (фи ғишәтин) ұжмақта мәңгі тірлікте қалар, (радияһ) разы болар ол адам ұжмақтағы рахаттардан (уә әммә мән хаффәт мәуәзинуһу) егер біреудің мизан-таразы күнінде жақсылығынан жамандығы ауыр келсе, (фә уммуһу) мұның анасы, яғни қарар²³² қылатын орны (һәуиятун)²³³ һәуия деген тамұқ-ты²³⁴ (уә мә әдракә) кім білдірді саған, ей Мұхаммед һәуияны (мә һияһ) не екенін білмесең ол һәуия дегеннің (нәрун хамиятун) бір отты, ол жеті тамұқтың отынан ыссы-ды:

(Бисмилләһир-рахманир-рахим) (әлһәкуму) ескерусіз қылды сіздерді (әл-тәкәсур)²³⁵ малдарыңыз бен балаларыңыздың көптігі, соларға алданып құлшылық уақытынан қаласыз хәм кәсіптің адал-арамына айырмайсыз (хаттә) соған шейін ескерусіз болдыңыз ахиретте ұйыға алудан (зуртумул-мәқабирә) кабірлеріңізге барғанша (кәлля) тыйылыңыз, бұл дүние малымен алданып құлшылықты ұмытуыңыздан (сәуфә тәғлямунә) тез-ақ білесіз, бұл өрешілігіңіздің ақырын (суммә кәлля сәуфә тәғлямунә) және затыммен ісіндіремін шексіз білерсіз кабіріңізден тұрған соң (кәлля) шындықпен ісіндіремін (ләу тәғлямунә) егер білсеңіз еді алғы дүниеге алданып ахырет жолын ұмытқандардың халін (илмәл-йәқини) шексіз білсеңіз еді (ләтәрауннәл-жахимә) көңіліңіз бен тамұқты көрер едіңіз (суммә) бұл тамұқты көргендей болып құлшылық етіңіз (ләтәрауннәһә), әлбетте, көресіз ол тамуды (айнәл-йәқини) шексіз көзбен көресіз, яғни қиямет күнінде ұжмақ, тамуқ әшкере көрсетілер (суммә) мұнан соң, яғни, бұл тамуды көрген соң, (ләтусьәлуннә), әлбетте, сұрарсыз (йәумәизин) сол жаһаннамды көзге көрсеткен күнде (анин-нәғими) Алла тағаланың берген нығметтері турасында, яғни Алла тағала: «ей, пендем, мен саған дүниеде дін, саулық, мал, дәулет бердім, қане, ол бергендерімді қай орынға жұмсадың?» – деп сұрар.

(Бисмилләһир-рахманир-рахим) (уәл-асри)²³⁶ ант етемін заманменен немесе заманмен, екіндінің иесімен ант етемін (иннәл-инсәнә) рас, адамдар, перілер (ләфи хусрин) әрине, өздеріне зиян қы -

²³²Қарар – үкім.

²³³Һәуиятун – терең шұңқыр, терең құдық.

²³⁴Тамуғ – тамұқ.

²³⁵Әт-тәкәсур – Құранның 102-сүресі.

²³⁶Әл-Аср – Құранның 103-сүресі.

ҚҰРБАН БАУЫЗДАЛАРДАҒЫ ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА

Ибраһим пайғамбар ұғлы Исмағилды құрбан етуге тұрғанда Құдай тағала қошқар жіберіп, сол қошқарды Ибраһим сояр уақытында оқыған дұғасы болса керек. Мағынасы (Аллаһумма) ей, Алла (һәзә) осы қошқар (минкә) сенен жіберілген (уә иляйкә) тағы да саған тиісті (иннә саләти) рас менің парыз намаздарым (уә нусуки) және құрбандығым һәм хажым (уә мәһйая) және менің дүниедегі тіршілігім (уә мәмәти) және менің өлігім (лилләһи) бір Алла тағалаға тиісті-ді (Раббил-аләмин) барша әлемде билеуші Алла тағалаға тиісті-ді (ля шәрикә ләк) жоқ-ты сенің серігің, ей, Алла (уә бизәликә умирту) осы құлшылықпен бұйырылдым мен (уә әнә әууәлул муслимин) мен мұсылмандардың әуелі, яғни Ибраһим әләйһиссәләм. (Алла-һумма) ей, Алла, (тәқаббәл) қабыл қыл (минни) менен (һәзиһил-удхия) осы құрмандықты пәлен-пәлен ұлынан.

Намаз ішінде «Әлхамдыға» қосып оқитын бірнеше қысқа сүрелердің мағынасы (бисмилләһир-рахманир-рахим) (иннә әғтайнәкәл-кәусәр)²³⁰ дұрыс, ей, Мұхаммед, біз саған Кәусарды бердік («Кәусар» деген ұрмақ ішінде бір көлдің аты-ды, қардан ақ һәм салқын суы балдан тәтті. Сол көлден ішуді Құдай тағала Мұхаммед үмметтеріне ғана бұйырды) (фәсалли лираббикә) олай болса, хауз Кәусарға шүкір қылып оқы, ей, Мұхаммед, ғид құрбан намазын (уәнхар) ол намаздан соң құрбан шал (иннә шәниәкә) саған дұшпан болған кісі (һуә) ол дұшпан болған кісі (әл-әбтәр) қор болар.

Бұл дұшпан болушы кісі Ас ибн Уәил деген еді. Ол ахир өмірінде тіленшілік қылды. Әбу Жәһл Мекке шаһарына патша еді. Патшалығынан қалып пақыр болды, хатта кебіс-мәсі жамап күн көріп жүріп, ақырында Бадр соғысында жаудан өлді. Уәлид ибн Муғира деген жұрты бітіп, балалары өліп бітіп, ақырында тіленші болды.

(Бисмилләһир-рахманир-рахим) (әл-қариғату)²³¹ көңілдерді түсіндіріп қорқыныш пен қағылатын күнді қиямет күні (мәл-қариғату) қандай ғажайып күнді ол қариға, яғни ол қиямет (уә мә әдракә мәл-қариға) кім білдірді саған, ей, Мұхаммед, бұл қариға күнін (яумә яқунун-насу) болар адамдар (кәл-фәрашил мәбусуи) таралған шегіртке

²³⁰Әл-Кәусар – Құранның 108-сүресі.

²³¹Әл-Қариға – Құранның 101-сүресі.

Ақли дәлел дегеніміз сол – ешбір шек жоқ дүниедегі бар нәрселердің бәріне де бір бар етуші керектігіне. Ол жаратушы ешбіреудің жәрдеміне мұқтаж болмаса керек. Егер жаратушылық жаралуына һәм жаратуына екінші біреудің жәрдемі керек болса, әрине, оны қадир (күдіретті) бас жаратушы деп айтуға болмайды.

Мәселен, адамның дүниеге келмегіне ата-анадан тумақ керек, ал ата-анасының дүниеге келмегіне бұлардың өздерінің және ата-анадан тумалығы керек. Бұл сипатпен бас жаратушы болмақ мүмкін

Не болмаса адам топырақтан кірпіштей, табақтай нәрселер істесе, мұны түп жаратушы кім екендігін тергеп кісі сұраса керек: «топырақты кім жаратты» деп, «Топырақ жерден алынды», десе, «жерді кім жаратты» демек керер болар. Өлбетте, жерді, көкті, отты, желді, суды біреудің жәрдеміне мұқтаж жандықтардың еш бірі жаратуы мүмкін еместігі әркімнің көзіне көрініп тұр. Бұлай болса, бұл дүниедегі зат, мақлұқтардың бәрін де ең әуелі барлыққа келтіруге ешкімнің жәрдеміне мұқтаж емес бір иенің барлығында еш шек – шүбә жоқ болса керек.

Егер біреу сұраса: «Құдай тағаланың бірлігіне не дәлелің бар?» деп, жауап бермек керек: бұған да екі түрлі дәлеліміз бар, бірі – накли, бірі – ақли. Накли дегеніміз сол – Құдай тағала Кәләм шәрифте бұйырды:

لو كان فيهما آلهة الا الله لفسدنا

(ләу кәна фиһима әлиһатүн илләллаһа ләфәсәдәтә) яғни «жерде, көкте Алладан басқа тағы алла болса жер, көк бұзылар еді» деген. Ақли дегеніміз сол – жерде, көкте екі құдай болса бірі біріне қарсы келуі мүмкін болар еді. Бірі жер, көктің болуын тілесе, бірі, бәлки, болмағанын тілер еді. Бұлай болғанда не екеуінің де тілегені орнына келер еді, не біреуінің тілегені орнына келер еді. Бұл сипаттың екеуі де жаратушы болмаққа лайық емес. Екеуінің тілегені бірдей орнына келсе, жаратылған дүниелері бұзылмай тұру үшін бірі бірімен тату тұруы керек болады. Мұндай біреудің татушылығына – жәрдеміне мұқтаж болмақ Құдайға лайық емес. Болмаса, біреуінің дегені болып, біреуінің дегені болмай қалса, болмай қалғанының ісі әлсіздікке келсе керек. Жаратушыға әлсіздік игі бастан лайық емес.

«Алла Тағаланың періштелеріне иландым» деген сөздің мағынасы; яғни рас білдім, Алла тағаланың періштелері бар-ды. Бұл періштелер әрқайсысы құлшылықта болар, әркімнің суретіне кіруге шамалары келеді.

Өз араларында еркектік, әйелдік жоқ, жемек-ішпекке, ұйқы-тамаққа мұқтаж емес. Олардың тамағы – Құдай тағалаға тасбих³⁸. Бұл періштелердің де пайғамбары бар. Періштелердің пайғамбарлары — Жәбраил, Исрафил, Азраил, Микаил. Бірақ періште пайғамбарларынан адам пайғамбарларының дәрежесі артық болады. Себебі сол адам баласы асау, ішу, ұйықтаудай һәм мұнан бөтен нәфстермен³⁹ жаратылады, періштелерде мұндай нәфіс жоқ. Соның үшін адам баласына тура жолдан жазбай, Құдайға құлшылық етіп тұру машықтырақ болады. «Иландым Алла Тағаланың кітаптарына» деген сөздің мағынасы – «Рас, нандым Алла Тағаладан енген кітаптардың баршасына да», яғни хазірет Адам әлэйһис-сәләмнан хазірет Мұхаммед әлэйһис-сәләмның, екі арасында қанша кітаптар енгендігінің хисабы⁴⁰ Құдайға мағлұмды. Солардың бәрінің де Құдай тағаладан жіберілгеніне иландым демек болар. Бұл кітаптар арасында белгілі зор кітаптар төртеу: Таурат, Забур, Инжил, Фурқан.

Таурат – Муса әлэйһис-сәләмға берілген Құдай тағаланың кітабы-ды. Неше замандардан соң Тауратпен іс қылудың муддаты⁴¹ толып Алла тағала өз күдіретімен Тауратпен құлшылық етуді тоқтатып, орнына Забурды ендірі. Забур Хазірет Дауд әлэйһис-сәләмға енген. Неше замандардан соң Забурмен іс істеудің муддаты толып, оның орнына Құдай Тағала Инжилді жіберді Хазірет Иса әлэйһис-сәләмға. Неше замандардан соң Инжил шәрифпен іс істеудің муддаты толды деп, Құдай тағала күдіретімен Құран Кәрімді ендірі деп иланамыз. Бұл Құран ақырзаман пайғамбары Мұхаммед Мұстафа⁴² салләллаһу әлэйһи уә сәлләмға ендіріліп, мұнан соң кітап ендіруді һәм Мұхаммед пайғамбардан соң дүниеге пайғамбар жіберуін тоқтатты. Соның үшін дін исламды ақырғы дін деп һәм пайғамбарымызды пайғамбарларымыздың ақыры деп білеміз.

Құдай Тағаланың пайғамбарларына иландым деген сөздің мағынасы – Алла тағаладан жіберілген пайғамбарлар қанша болса һәммесі хақты⁴³ һәм рас деп білмек.

Бұлардың қайсысының да болса пайғамбарлығына іңкәр етуменен иман табылмайды. Пайғамбарлардың әуелі – Адам әлэйһис-

(Раббәнә) ей, біздің раббымыз (әтинә) келтір біздерге (фидунья) дүниеде (хәсэнәтән) жақсылықты. (уә фил ахирати) және ахиретте (хәсэнәтән) жақсылықты (уә қина) құтқар біздерді (ғазәбән-нар) дозақ азабынан (уәхшурна) тірілт біздерді (мәғал-әббар) жақсыларменен. Бөтен намаздарда да осы дұғалар мен сүрелер қосылып оқылады. Бірақ уитр уәжиб намазындағы сүре Қунуттың мағынасы осы: (Аллаһумма) ей, Алла, (иннә) рас, біздер (нәстәғинукә) жәрдемінді тілейміз. (уә нәстәғфирукә) жарылқануды тілейміз (уә нумину бикә) және саған иланамыз (уә нәтәуәккәлү) тәуекел етеміз (әләйкә) саған (уә нусни) суна айтамыз (әләйкә) саған (әл-хайра) хайр етеміз (нәшкурукә) шүкіршілік етеміз (уә ля нәкфурукә) қарсылық етпейміз (уә нәхляғу) суырамыз (уә нәтруку) тағы да қалдырамыз (мән йафжурукә) саған бұзықтық етушіні. (Аллаһумма) ей, Алла (иякә) саған ғана (нәғбуду) құлшылық етеміз (уә ләкә) тағы да саған ғана пендешілік етеміз (нусалли) намаз оқимыз (уә нәсжуду) сәжде етеміз (уә иляйкә) сенің жағыңа (нәсға) иждиһад етеміз (уә нәхфиду) және құлшылық етеміз бойсұнумен (нәржү) үміт етеміз (рахмәтәкә) сенің рахметіңнен (уә нәхшә) қорқамыз (ғазәбәкә) сенің азабыңнан (инна ғазәбәкә) рас сенің азабың (бил-куффари мулхик) кафирлер мен тұтасушы-ды.

Азанда, қаматта келетін такбирлерден басқа (хайа ғаяссаләһ) деген – тұрыңыз осы намазға (хайа ғаял-фәләәх) асығыңыздар, құтылуға (қад қамәтис-саләһ) тұрыңыз намазға деген сөз және ерте намазының азанында (әссаләту хайрун минән-нәум) намаз оқу ұйқыдан қайырлырақты деген мағынадағы сөздер.

Тарауих намазындағы тасбихтің мағынасы (субханә) «пәктеймін», яғни тазалаймын барша кемшіліктен (зил-мулки) жер үстінде болған мүліктердің иесі, ол Алла тағала (уәл-мәләкут) һәм көк үстінде болған періштелердің иесі (субханә) және пәктеймін (зил-ғиззәти) құрмет иесі Алла тағала (уәлғазамәти) артықшылық иесі де Алла тағала (уәл-құдрати) күш иесі де Алла тағала (уәл-кибрияи уәл-жәбәрут) биіктердің биігі ұлығлық иесі-ді, Алла тағала (субханә) таза-ды Алла тағала (әл-мәлик) сондай ие-ді (әл хайил-ләзи ля ямут) тірі-ді ол Алла тағала һәм ешбір өлмес (суббух құддусун) таза болушы ол Алла тағала (раббуль-мәләикәти) періштелердің құдайы (уәррух) және Жәбраил әлэйһиссәләмның Құдайы (ля иләһә иллаллаһ). Жоқты Құдайдан бөтен құдай (нәстәғфируллаһа) жарылқамағынды тілеймін, ей, Алла (нәсәлүкә) тілейміз біз Сенен (әл-жаннатә) жаннатты (уә нәғузу бикә) сыйынамын саған (минән-нар) от азабынан.

³⁸Тәсбих – мақтау, мадақтау.

³⁹Нәфстер – қалау.

⁴⁰Хисабы – есебі, саны.

⁴¹Муддаты – мезгілі, мерзімі.

⁴²Мұхаммед Мұстафа: – (3, 36-шы түсініктемелерді қараңыз).

⁴³Һәммесі хақты – баршасы шын, ақиқат.

Бұл соңғы сүренің мағынасы сол: «ей, Құдай тағала, бұрынғы өткен әнбия-асхабтарыңа азбайтын, өзіңе сүйкімді тура жолдарды қалай берсең, бізге де солай жолыңды бер» деген тілек. «Әлхамду» сүресі артынан (әмин) дейміз, «Әминнің» мағынасы «Құдая, қабыл ет» деген сөз. Мұнан соң және бір сүре қосып, «Аллаһу әкбәр» деп руқуғқа барасыз. Руқуғта (субханә раббиял-азым) деп үш рет айтамыз. (Субханә раббиял - азым) жамиғ кемшіліктерден таза ұлы Құдайым деген мағынада.

Мұнан (сәмиғаллаһу лимән хамидәһ) деп қиямға барамыз. (Сәмиғаллаһу) есітуші Алла тағала (лимән хамидәһ) хамд айтушыны, яғни Құдай тағаланы мақтап құлшылық етушіні, мұнан соң (Аллаһу әкбәр) айтып сәждеге барамыз.

Сәждеде үш рет (субханә раббиял-әғля) деп оқимыз. «Субханә раббиял-әғля» бәләнді (жоғары) болғушылардың бәләнді болғушысы раббым, яғни «ей, кемшілік сипаттардан таза, дәрежесі биіктердің биігі Құдайым» деген мағынада мұнан соң және әлгі рәуіште бір ракағат оқып, тәхиятқа отырасыз. Эттәхиятта оқылатын дұғамыз (әттәхияту лилляһи) тілмен еткен құлшылық Құдай тағалаға тиісті, (Уәссалауәту) денемен еткен құлшылық та бір Құдайға тиісті (уәттайибәту) малмен еткен құлшылық та бір Құдайға тиісті. (әссәләму әләйкә) сенің озарыңа, яғни саған (әйүһәннәбию) ей, Құдай тағаланың нәбиі, яғни пайғамбары (уә бәракәтуһу) берекеті саған болсын, ей, Құдай тағаланың нәбиі (әссәләму әләйна) һәм Құдай тағаланың сәлемі біздерге болсын (уә ғәля ғибадилляһис-салихин) дұрыстықпен құлшылық етушілерге (әшһәду ән ля иләһә илләллаһ) куәлік беремін, жоқ-ты бір Құдай тағаладан басқа құдай (уә әшһәду әннә Мұхаммәдән абдуһу уә расулуһ) және куәлік беремін Мұхаммед Құдайдың құлы-ды һәм расулы-ды яғни елшісі-ді.

(Әллаһуммә) ей, Алла (салли) рахмет қыл (әля Мұхаммәд) Мұхамедке (уә әля әли Мұхаммәд) және Мұхаммед әләйһиссәләмның үй-жамағаттарына (кәмә салляйтә) қалайынша рахмет еттің (әля Ибраһимә) һәм Ибраһимнің жамағаттарына. (иннәкә) хақында сен (хамидүн) мақтауға лайық (мәжид) сүйілімешсің һәм ұлықсың. (Аллаһуммә) ей, Алла (бәрик) мүбарак ет (әля Мұхаммәдин) Мұхаммедке (уә әля әли Мұхаммәд) және Мұхаммедтің жамағаттарына (кәмә бәрактә) қалайынша мүбарак еттің сен (әля Ибраһим) Ибраһимді (уә әля әли Ибраһим) және Ибраһимнің жамағаттарына. (Иннәкә) хақиқатында сен (хамидүн) мақталынбас сен (мәжид) құрмет етілімексің һәм ұлықсың.

сәләм, ақыры — Мұхаммед әләйһис-сәләм. Бұл екеуінің арасында қанша пайғамбар өткені анық мағлұм емес. Кәләм шәрифте айтылған:

ومنهم من قصصنا عليك ومنهم من لم نقصص عليك

(уә минһум мән қасасна әләйкә уә минһум мән ләм наксус алайқә) яғни «ей, Мұхаммед, сенен бұрын да біз пайғамбарлар жібердік, олардың бағзысының хақында саған хабар бердік, бағзысы хақында хабар бермедік» деп.

Бірақ қанша пайғамбар болса да – бәріне де иландық деп, иман келтірмек керек. Оның үшін Брахма⁴⁴ деген бір халық пайғамбарлық жалғыз Адам пайғамбарда деуменен, Сабие⁴⁵ қауымы Шиш пен Ыдырыстан бөтен пайғамбар жоқ деуменен, һәм жаһуд⁴⁶ халқы Мұсадан бөтен пайғамбар жоқ деуменен кәпір болдылар.

Хатта Құранда аты жазылған жиырма сегіз пайғамбардың аттарын білмек әр мұсылманға уәжиб. Бұлардың аты: аууәл – Адам әләйһис-сәләм, екінші – Нұх, үшінші – һүд, төртінші – Лұт, бесінші – Зул-Кифл, алтыншы – Салих, жетінші – Ибраһим, сегізінші – Аюб, тоғызыншы – Исмаил (Смағұл), оныншы – Исхак (Ысқақ), он бірінші – Юнус (Жүніс), он екінші – Идрис (Ыдрыс), он үшінші – Яғқуб (Жақып), он төртінші – Юсуф (Жүсіп), он бесінші – Ильяс, он алтыншы – Әльясәғ, он жетінші – Дауд (Дәуіт), он сегізінші – Сүлеймен, он тоғызыншы – Муса, жиырмасыншы – һарун, жиырма бірінші – Яхья (Жақия), жиырма екінші – Иса (Ғиса), жиырма үшінші – Шұғайб, жиырма төртінші – Зікірия (Закария), жиырма бесінші – Мұхаммед әләйһис-сәләм, рахимаһумуллаһу⁴⁷, және бұлардан басқа жиырма сегіздің қалған үшеуі – Ғазиз (Ғұзайр), Лұқман (Ұлықпан), Ескендір Зұл-Қарнайн. Бұл үшеуі хақында біреулер пайғамбар, біреулер әулие еді деп айтысады.

Ақырет күніне иландым дегеннің мағынасы «Құдай тағаланың күдірет еткен уақытында бұл дүние бұзылып, қиямет болады» деп илану. Қияметтің болуына да нақлан һәм ақлан дәлел бар. Нақлан дәлел Кәләм шәрифте айтылған:

ان الساعة آتية لا ريب فيها

(иннәс-сағата әтиятун лә райба фиһә) яғни «қиямет келешек келмегіне мұсылмандар шек айтпаса керек» деген.

⁴⁴Брахма – мұнда: үнді халқы.

⁴⁵Сабия қауымы – жұлдызперест қауым.

⁴⁶Жаһуд халқы – (яһуд) – еврей халқы, жөйт халқы.

⁴⁷Рахимаһумуллаһ – Алла оларға рақымдық, мейірімділік етсін.

Ақли дәлел сол – қиямет болудан соң өліктер тіріліп, мизан сырат⁴⁸ құрылып, Құдай тағала әр пенделердің дүниеде істеген жақсы қылығына қарай ішкері ұрмақ бұйырып, жамандық пиғылға тозақ бұйырса керек. Бұлай болмағанда дүниеде жақсылық, жамандық етсең де, ақыретте ешбір сұрауы болмаса жаман мен жақсы Құдай алдында бәрі бірдей болғанға келер еді. Жақсылық, жамандық Құдайдан деп иланбақтың мәнісі әр пенденің жақсылық не жамандықпен болуын Құдай тағала күдіретімен күн бұрын білуші хәм пенделердің қылашақ ісі, пиғылы ләуху-махфузда⁴⁹ жазылып қойылған. Бірақ Құдай тағала ешкімді жамандық жолға бұйырмады, мынау жамандық, мынау жақсылық деп көрсетіп, адам баласына қай жолға түссе де ыхтияр берді. Жақсылық етуші болса Құдай тағала жаннатқа бұйырып, рахым етеді. Жамандық етушіге азап бұйырады. «Өлгеннен соң қабірден тіріліп тұрмаққа иландым» дегеннің мағынасы – өлген соң тірілуді рас, хақ деп білдім демек. Өлген соң тірілу турасында хәм нақли, хәм ақли дәлел бар.

Нақли дәлел сол – Құдай тағала Кәләм шәрифінде бұйырды: (суммә иннәкүм яумәлқиямәти «содан кейін туғасуна) және (күл хууәлләзи әншәәкүм әууәлә мәрратән) яғни сіздер қиямет күнінде тірілесіндер» және «адамдарға айт әуелде ол адамдар тіпті жоқ еді, жоқтан бар болдыңдар ғой» деп.

Ақли дәлел сол – Құдай тағала пенделерді әуел жоқтан бар етуге күдіреті келгенде бар болып, өлгендердің сүйегін жидырып және тірілтіп адам етуге, әрине, күдіреті келсе керек. Және адамдар Құдай тағала жаратып бұйырды құлшылық етуге хәм жақсы қылықты болмаққа. Сонда да бір пәре⁵⁰ адам Құдай бұйырығын тұтып жақсылық жолда болса, бір пәрелер жамандық жолға түсті. Бұлай болса – Құдай тағаланың әділеттігіне лайық жақсылар мен жамандардың айырмасын бір таразы күн жаратып көзге көрсетуде.

Біреу сұраса «Құдай тағаланың сипаты нендей» деп жауап бермекке керек? Құлшылық етуімізге лайық Алла тәбәрақә уә тағала жалғыз-ды, ешкімнің ол Алла тағалаға ұқсастығы, теңдестігі жоқ.

⁴⁸Мизан, сырат күні – мизан-таразымен адамның жақсылығы мен жамандығы өлшенеді де, сырат қыл көпірмен жүргізіледі, күнәсі көп болса тозаққа, жақсылығы көп болса ұрмаққа барады.

⁴⁹Ләух-махфуз – тағдыр жазылып сақталынған тақта немесе пешене.

⁵⁰Бір пәре адам – қайсыбір (кейбір) адамдар.

ТӨРТІНШІ БАБ

НАМАЗ ІШІНДЕ ОҚЫЛАТЫН ДҒАЛАРДЫҢ ҚАЗАҚША МАҒЫНАСЫ

Әр намаздың алдында ең әуелі (әғузу билляһи минәш-шәйтанир-ражим) деп оқимыз. Мұның мағынасы (әғузу билләһи) Алла тағалаға сыйынамын (минәш-шәйтани) шайтаннан (әрражим) сондай шайтан ол таспен атылып, қуылып еді. Яғни, «ей, Құдайым, таспен атып қуалатқан шайтанның азғыруынан сақта», – деп сиынамын.

Мұнан соң «бисмилләһир-рахманир-рахим» деп оқимыз, «бисмилләһи» – Ұлы Алланың есімімен бастаймын (ар-рахман) ол Алла тағала дүниеде мұсылман, кафир күллі зат, мақлұққа рахым етуші-ді, (ар-рахим) және рахым етуші-ді, ол Алла тағала ақиретте мұсылмандарға ғана.

Мұнан соң намаз ниетін қазақша айтып (Аллаһу әкбәр) деп құлақ қағасыз. Аллаһу әкбәр - Ұлы Алла деген мағынада.

Мұнан соң «Субханәкты» оқимыз. (Субханәк Әллаһуммә) «ей, Құдайым, сені ұлығлаймын хәм таза деп білемін әр кемшіліктен, (уә бихамдикә) және саған мақтау айтамын (уә тәбәрақәсмүкә) мубарак болды сенің есім шәрифің (уә тағала) артық болды (жәддукә) сенің күдіретің, (уә ля иләһә ғайрукә) жоқты сенен басқа құлшылық етерлік Алла. Мұнан соң (әғузу билляһи минәш-шәйтанир-ражим бисмилләһир-рахманир-р-рахим) деп айтап, «Әлхамду» сүресін оқимыз: (әлхамду лилләһи) мақтамақ та хәм мақталмақтық та бір Құдай тағалаға лайықты (раббил- аләмин) барша мақлұқаттың иесі-ді ол Алла тағала (ар-рахманир-рахим) дүниеде кәпір мұсылманға уә барша зат – мақлұқатқа рахым етуші-ді, ақиретте мұсылмандарға рахым етуші-ді ол Алла, (мәлики) билеуші-ді ол Алла (йәумид-дини) жаза күнін яки қиямет күнін, (иякә нағбуду) бір сені бірлейміз хәм жалғыз саған ғана құлшылық етеміз, (уә иякә нәстәғин) хәм бір сенен ғана жәрдем іздейміз. (Иһдина) біздерді, ей, Алла (ас-сираталь-мустақим) тура жолға (тура жол деп ислам дінін атайды, (сираталлязина) ол көндіріп деп тілеген жолымыз сондай жол (әнғамтә ғәләйһим») «нығметландырдың сен» яғни, пайғамбарға, асхабтарға өзіңнің разылығың табылатын жолдарды беріп едің, сондай жолға көндіріп біздерді (ғайрил-мағдуби ғәләйһим уә ляд-даалин) қаһарыңнан тысқары болатын жолдарды бердің әнбия менен асхабтарға хәм азбайтын жолдарды беріп едің.

Ағаш ұлғайып, қатып кеткен соң түзеуге де көнбейді, сынып кетеді. Сол рәуішті жақсы, көркем мінезді жасыңнан әдет етсең, ол әдет тура жолдан соңғы уақыттарда қандай қиыншылық көрсеңіз де жаздырмас. Ұлғайғанша жамандықты қалып еткен кісінің бұл қалпын өзгертуі де қиын болса керек, бәлкі, мүмкін болмастығы да ғажап емес.

Ойлап қараңызшы, Құдай тағала біздің амалымызға мұқтаж емес қой. Не жақсылық-жамандық етсек те ақырында пайда-залалын өзіміз көреміз. Мәселен, ұрлық, залымдық, паракорлық, өтірік, ғайбаттан кім залал көреді? Әрине, адам баласы өзді-өзі залал көреді. Туралық, әдепшілік, ғылым-білімін кім пайдаланады? Әлбетте, адам баласы өзі пайдаланады. Егер бұл дүниеде бұзық пиғылда болғандағы талабымыз мал табу болса, Құдай тағаланың лұқсат еткен кәсіптері аз ба? Мәселен, оқу оқып, ғылым хәм өнерлер үйрену, егін егу, сауда ету, мал бағу, кірегестік ету, патшаларға қызмет ету я болмаса бөтен орындарға өнер-күшінді адал ниетпен жұмсап мал табу. Мұның бәрі де халал. Бірақ бұзық адамдар бұған қанағат етпейді хәм өн бойы дүние көбейтуге алданамын деп, Құдайына қызмет етуді ұмытады.

Ей, сүйікті туғандарым, әрбір бұзық жамандық істер, асылында, құлықтың жамандығынан табылады. Соның үшін де Құдай тәбарак уә тағала Кәләм (қудси) шәрифінде бұйырды: (*ахсину ахляқақум*) яғни «түзетіңіз құлқыңызды» деп. Сол мінезіңізге әрқашан назар салып, өзіңізді жақсы мінезге үйретсеңіз, яғни жоғарыда айтылған жеті түрлі жақсы қылықты берік ұстап, жеті түрлі жаман құлықтан сақтансаңыз, әлбетте, Құдай тағаланың уағдасы екі емес, мәңгі рахатта боласыз. Жақсы құлық құр ахиретте пайдалы болып, дүниеде де залал емес. Дүниеде де ізгі құлықты адам хәм сүйкімді, хәм қадірлі, хәм ахиретте де Құдайдың сүйген құлдарынан болсалар керек, инша Аллаһу тағала²²⁹.

²²⁹(Инша Аллаһу тағала) – Алла тағала қаласа (жазса).

Ол Алла тағала дене иесі емес, сурет иесі емес, асыл жауһардай заттар сипатында емес, мекен я бір орын иесі емес, бос орынды толтырушыдан емес, тамақ жеушілерден, ішушілерден емес, біреуді тудырған емес, яки біреуден туған емес, хәм ол Құдай тағаланың бар болуына ешбір заман жоқ жиһат сәттен яғни алты түрлі тараптан: оңы, солы, алды, арты, асты, үсті болудан таза-ды.

Алла тағалаға ешбір нәрсе уәжиб емес, яғни не нәрсені қалайынша жаратамын хәм бұйырамын десе – өз еркінде және Алла тағала *қадим*-ді, әуелден ақыр бар-ды, барлығының әуелі хәм ақыры жоқ, хәмме өткен замандарда бар-ды хәм болашақ замандарда бар-ды. Ол Алла тағала ешбір нәрсені хикметсіз хәм керексіз, пайдасыз етіп жаратпады, көзімізге көрінетін зат, махлұқтардың бәрінің де керек орны бар.

Алла тағаланың *сифат субутия*⁵¹ деген жеті сипаты әуел – *хаят* яғни тірі-ді, біздің ақылымыз жетпейтін тірлікпен, *алим*⁵² болушы-ды, *құдірет* күш иесі-ді, жоқтан бар етуге хәм бардан жоқ етуге күші жетуші, *самғ*⁵³ естуші-ді, бізге рәуішті құлақпен емес, *басар*⁵⁴ көруші-ді, біз рәуішті көзбен емес, *ирадат*⁵⁵ тілеуші, яғни әуелде өзі тағдыр еткен нәрсесін тілеген уақытында дүниеге шығарушы, *тәқуин*⁵⁶ жоқтан бар етуші-ді, *кәләм* сөйлеуші-ді, біздің ақылымыз жетпейтін сипатпен, бірақ бұл сөйлеу бізге рәуішті тілмен, әріппен, дауыспенен емес.

Жоғарыда айттық, дүниеге келген пайғамбарлардың ең ақыры – біздің пайғамбарымыз Мұхаммед Мустафа салләллаһу әләйһи уә сәлләм деп хәм шәһәдәт, яғни куәлік иманымыз ішінде айтамыз: «куәлік беремін – жоқты бір Құдайдан басқа құдай, хәм куәлік беремін – Мұхаммед оның құлы хәм елшісі-ді» деп. Пайғамбарымыз хазірет Ибрахим пайғамбар нәсілінен, атасы – Абдулла, шешесі – Әмина, араб жұртында Мекке деген шаһарында дүниеге келіпті.

⁵¹Сифат субутия – дәлелденген сипаттар.

⁵²алим – көпшесі: ұлама – ғұлама, оқымысты, білгір.

⁵³Самғ – есту, есту қабілеті.

⁵⁴Басар – көру.

⁵⁵Ирадәт – тілек.

⁵⁶Тақуин – жарату, жасау.

Мұхаммед пайғамбарымызды ақырғы пайғамбар етіп, бөтен пайғамбарлардан Құдай тағала қасында өзінің хәм умматтарының⁵⁷ дәрежесін артық, сүйіктірек ету Құдай тағаланың әзлі құдіреті-ді. Кәләм шәрифте айтылған: (күнтүм хайра уммәтин ухрижәт лин-нәси) яғни «Мұхаммед пайғамбар умматын қумуғ⁵⁸ умматтардан артығырақ еттік», – дейді Құдай тағала.

Мұхаммед әләйһис-сәләмның пайғамбарлығы әшкере бола бастауы қырық жасынан бері болды. Пайғамбарымыз әләйһис-сәләм халыққа түрлі шарифат үйретсе, Құдай тағаланың Жәбраил есімді бас періштесі арқылы ендірілген бұйрықтарымен үйретті. Ол бұйрықтар жиылып жазылған кітаптың есімін Құран шәриф деп атаймыз. Пайғамбарымыз әләйһис-сәләмның сипаты орта бойлы, ақ жүзді, жирен сақалды, қара шашты, ешбір адамға бітпеген көркем сипатты еді. Жауырынында *мүһр нүбууәт*⁵⁹, яғни Құдай тағала құдіретімен жаратылған мүһрі (мөрі) бар еді. Сөйлесе тілі балдан хәм тәттірек әрі не айтса тек Құдайдың бұйрықтарын айтып хәм адамдар өз араларында бір-біріне әділ, рахымды болмақ-ты, бірін-бірі ренжітпеске, өсек-өтірік айтпасқа, бейшара, жетімдерге қайырлы болмаққа керек, қай діндегі адамды болса да қиянат етпеске. Үлкен-кіші, бай-жарлы, құл-патша – баршасы Құдай алдында бірдей. Құл екендігіне, денені хәм көңілді, таза сақтамаққа, әр сағат Құдайды ұмытпай, пендешілікке лайық құлшылық ету турасында тынбай үгіт етер еді. Пайғамбарымыз әләйһис-сәләм еш уақыт дұшпанына да жауыз дұға қылмас еді.

Ухуд соғысында⁶⁰ бір кәпір тісін сындырғанда да жылап тұрып дұға айтты: «әй, Құдай бұл бейшараға тауфик (көмек, бақыт) бер» деп. Өмірі ішінде қаншама жұрттарды дінге көндіріп, қаншама зор дәулет қазыналар жиылғанда да өзі ол малмен аслән⁶¹ пайдаланбас еді. Ондай малдың бір парасын жұрт пайдасындағы қазынаға, бір парасын пақыр-бейшараларға, бір пара-сын сахабаларға⁶² берер еді. Хатта бұл дүниеден өтер уақытында жамағаттарына бір динар, яғни бір теңге қалдырып кетуге де шамасы келмеді.

⁵⁷ Уммат – ұлт, халық.

⁵⁸ Құмұғ – барша халықтардан.

⁵⁹ Мүһр набууәт – пайғамбарлық белгі (мөр).

⁶⁰ Ухуд соғысы – Мұхаммед пайғамбардың пұтқа табынушыларға қарсы бір соғысы осы Ухуд тауының және құдықтың жанында болған.

⁶¹ Аслан – тегінде, негізінен.

⁶² Сахабалар – 6-шы түсініктемені қараңыз.

Ей, жарандар, дүниеде ешкім мәңгі тұрмайды. Аз уақыт дүниеде қонақ хисабында тұрып, жаман пиғылды жаман құлықты болып, ахиретіңізге не жанға, не денеге пайдасы жоқ нәжіс ұстап қайтпаңыз. Адам баласы бұл дүниеге ахирет деген түпкілікті орнында қорек ету үшін азық жия шығарылған Құдай тағаланың махлұғы болса керек. Дүниеде таза мінез бен қайырлы істер істеп ахиретке қайтсаңыз, сол өзіңіздің жиып қайтқан жақсылықтарыңыз – ахиретке бірге баратын дәулеттеріңіз. Ол дәулетіңізбен мәңгі дүниеде пайдаланып, ұрмақ ішінде рахметте қаласыз. Егер дүниеде бұзық пиғылдарда болып, куфрлерден, бидғаттардан, риялардан, сараңдардан, күншілдерден, тәкаппарлардан, исафтардан хәм мұнан ғайри ұры, өтірікші, ғайбатшылардан болып, ахиретке осындай амалдарды қолға ұстап қайтсаңыз, мұның кесапатын, залалын хәм мәңгі дүниеде, ахиретте көресіз. Оның үшін жамандық іс – жылан мен бүйіге мысал. Ол бүйі мен жыланды қанша асырап күтсең де, күткеніңе ісініп, қолыңа тұтына беруді қоймасаң ақырында бір шағып өзіңе зақым келтірмей қалмас. Тікенек екен жерден бидай орып алып ұн ішermін деп үміт ету, әлбетте, ақымақтық болса керек. Әркім не ексе, соны орып алса керек. Адамның да дүниедегі амалы осы қалыпты. Дүниедегі амал – егінің жақсылық болса хәм ол жақсылық егініңнің шашқан тұқымы рия, хасад, кибрдан болмаса, үміт бар ол егініңнен жамандық орып алмассаң деген.

Егер істегенің жамандық болса, жақсылық тауып алу да күмән болса керек, тікен орнына бидай шықпаған рәуішті. Бірақ Құдай тағала пенделеріне қанша күнәһар болса да қаһар етуден әрдайым рахым етуге жақынырақ. Оның үшін қанша зор күнәһар болса да пенде, Құдай тағалаға шын жалбарынып, ихласпен тәубе қылса, кешірermін деді. Ләкин риясыз істеген жақсылық бір мысқалдай болса да мизан таразы күнінде²²⁸ есепке кірмей қалмайды. Мұнан көрінеді, өзіміз түзелмейтін бұзық болмасақ, Құдай тағала әрқашан бізге рахым етуі шын екендігі хәм түзелерге тырысуға еш уақыт кеш еместігі. Ләкин әрбір іс бастан түзу бола келмесе, түбінде түзелуі де қиын болады. Ағашты жас күнінде қисығын түзей келсең түзу болып өседі хәм бір түзу болып өскен соң жаңадан қисаймайды.

²²⁸ Мизан-таразы күні – 48-ші түсініктемені қараңыз.

Бай болсаң баймын деп менменсімей, бай емес бейшараларға аяушаң²²⁷ болмақ. Осы мінездерді тауәдуғ деп атайды.

Пайғамбарымыз әлэйһиссәләм айтқан:

«...мән тауәдәга лилляһи дәрәжәтән яжғалһу фи әглә гиллийин уә мән тәкәббәра аляллаһи дәрәжәтән уадағһуллаһу дәрәжәтән хаттә яжғаләһу фи әсфәлис-сәфилинә» яғни, егер бір пенде Құдай тағаланың бұйрығына бой сұнып бір мысқалдай төменшілік етсе де, Құдай тағала ол пендеге жоғарының жоғарысы болатын дәреже берер. Егер біреу Құдай тағалаға аз ғана тақаппарлық етсе де ол пенденің дәрежесі төменнің төмені болар деген.

Бесінші, рияға қарсы насихат – әркімнің өзіне тілеген жақсылықтарны өзгеге һәм тілемек. Оның үшін дүниеде қанша адам болса – бәріміз бір Адам атадан өрбіген ағайынбыз.

Пайғамбарымыз әлэйһиссәләм айтқан:

«...мән кәнә фи ауни ахиһил-муслими уә мәнфәғатиһи фә ләһу сауәбулмуҗаһидинә фи сәбиллильһи» яғни, біреу мұсылман қарындасты аз нәрсемен ғана пайдаландырса, яки жәрдем берсе, ол адамдарға азат соғысқандардың сауабын беру.

Алтыншы, сахауәт – мырзалық мағынасында. Сараңдыққа қарсы яғни Құдай берген дәулетті Құдай тағаланың сүйетін һәм бұйырған орындарына жұмсамақ (зекет, садақа рәуштілерге). Ғылым, білім, күш те, қуат та, хакімдік те – бәрі де дәулетке қосылады. Осылардың бәрін де ізгілік іске жұмсамақты сахауәт деп атайды.

Пайғамбарымыз әлэйһиссәләм айтқан:

«...әс-сәхау шәжәратун фил-жаннати фәмән кәнә сахийан әхазә бигуснин минһа фә лям йушрак зәликә хаттә йадхулаһул-жаннатә» яғни, кім де кім сахи мырза болса, ол мырзалық – ұжмақта бір ағаш, мырза адам ол ағаштың бұтағынан ұстағанға мысал һәм ол бұтақпен ол мырза кісі ұжмаққа кірмей қалмас деген сөз.

Жетінші, машруғ – исрафтың қарсысы. Құдай тағала берген дәулетті тиісті орнына жұмсау. Бұл ниет шайтаннан алыс етсе керек.

²²⁷ Аяушаң – аяушы, жанашыр болу.

Пайғамбарымыз Құдай тағала бұйрығыменен Меккедегі Мәсжид Харам⁶³ дегеннен Бейгүл Муқаддәстағы Мәсжид Ақса⁶⁴ дегенге барып, ол мәсжидтен Құдай тағаланың изнімен⁶⁵ көкке асып, Құдай тәбарак уә тағалаға сөйледі. Мұны миғраж⁶ деп атайды. Бұл миғражға асқан күні ражаб (ережеп)⁶ айының 28 (немесе 27)-күнінде болған үшін шаһарлы жерлерде сол күнді мейрам етіседі.

Пайғамбарымыз әлэйһис-сәләмның бас жолдастары төртеу еді. Бұларды біз шәһәриярлар⁶⁸ деп атаймыз. Ол шәһәриярлардың аты: әуелі хазірет Әбүбәкр, екінші – хазірет Омар, үшіншісі – хазірет Осман, төртіншісі – хазірет Әли. Бұларға Құдай тағаланың рахматы болғай еді. Пайғамбарымыз бұл дүниеден екінші дүниеге сапар шегерінде халифалық орнын өз әулетін жақын көріп өз әулетіне бұйырмады. Өзінен соң (халифалық) хазіреті Әбүбәкрге бұйырды. Одаң соң хазірет Омарға, одаң соң хазірет Османға бұйырды, одаң соң хазірет Әлиге.

Пайғамбарымыз әлэйһис-сәләм жиырма үш жыл пайғамбарлық етіп, әуелі араб жұртын дін исламға көндірді. Онан соң неше уә неше бөтен жұрттарға дін үйретіп, Құдайдың бұйрығын һәм кәләм шәрифті дүние жүзіне кәміл әшкере етіп, һәм өз тарапынан үгіт – хадистер⁷⁰ қалдырып, 63 жасында бұл жалған дүниеден мәңгі дүниеге қайтты. Мұнан соң жоғарыда айтылған шәһәриярлар һәм пайғамбар уақытында бірге жүрген жарандары дін исламды бөтен дүние жүзіне қыдырып жүріп үйретіп, надандарды жолға салды. Бұлардан соң пайғамбарымыздан, шәһәриярлардан уә ғайри сахабалардан үйренген сөздерін көріп қалған жақсы мұсылмандар, бұларды табиғин⁷¹ деп атайды һәм бұл табиғиндердің сөзін естушілер тәбәғ-табиғиндер.

⁶³ Мәсжид харам (әл-мәсжид әл-харам) қасиетті мешіт – мұсылмандардың Меккедегі ең қасиетті орны. Бұл мешіттің ауласында Қағба мен қасиетті Зәмзәм бұлағы бар.

⁶⁴ Бейтул-Муқаддәстағы Мәсжид Ақса (әл-мәсжид әл-акса) – (Ең шеткі немесе Ең алыс мешіт) – Иерусалим қаласындағы басты мешіт, мұсылмандардың қасиетті орындарының бірі.

⁶⁵ Изн – рұқсат ету, ризалық беру.

⁶⁶ Миғраж – көтерілу, Мұхаммедтің қанатты Пырақ (Бурақ) деген жануармен Алла тағалаға көтерілуі.

⁶⁷ Ражаб – ережеп, мұсылман жылнамасының жетінші айы.

⁶⁸ Шәһәрияр – мұнда: Мұхаммед пайғамбардың жақын жолдастары, ізбасарлары.

⁶⁹ Әшкере етіп – жария, танымал етіп.

⁷⁰ Хадистер – Мұхаммед пайғамбардың өсиеттері.

⁷¹ Табиғин – Мұхаммед серіктерінің замандастары.

Бұлар һәм аяттан, яғни Құдай тағаланың Құранда бұйырған сөздерінен, һәм хадистен, яғни пайғамбарымыздың өзі айтқан һәм өзі орнына келтірген үгіттерінен баян етіп, неше-неше кітап шығарып, соңғы халыққа қалдырып кетті.

Онан соң ғұлама мүжтәһидин⁷², яғни, зор ғалым-молдалар шығып, аят пен хадисті әркім түсініп біле алмас деп, әрі аят хадистен айры⁷³ басқа кітаптар түзіп, мағынасын түсіндіріп, қара халыққа да түсінікті кітаптар шығарып берісті. Бұлардан соң және ғалым молдалар әр жұртта көбейіп, қайсысы өз жұртының тілінше дін ілімін үйретіп, кітаптар шығарып, осы қалыппенен ғылымы бүтін дүние жүзіне жайылып болды. Бұл ғұламалардың шығарған кітаптарының қайсысы ахыретімізге пайдалы, қайсысы осы дүниеге пайдалы ғылымдар. Мәселен, ғылым хисаб дегеніміз бұл күнде қайсыбір уәлаяттардың медреселерінде оқытатын математика есімді ғылым. Ғылым табиб дегеніміз ауруларға дәрі мәнісін үйрететін медицина деген ғылым; ғылым һайат уә афлак дегеніміз астрономия деген ғылым.

Мужтәһид ғұламалар арасындағы ұлықтары төртеу: имам Ағзам, имам Мәлік, имам Шафиғ, имам Ахмад ибн Ханбал. Бұл төртеуі шарифат мәнісін толық тексеріп, халыққа түсіндіріп берді. Біз ол төрт имамның ішінде имам Ағзам мазхабында⁷⁴ боламыз, яғни имам Ағзамның үйреткен шарифаты бойынша іс етеміз. Енді, ей, дін қарындастарым, бұл пайғамбарымыз бен пайғамбарымызға жақын-жақсылардың бәрі де тынбай жүріп дүние һәм ахиреттің ғылымынан үйреніп һәм халыққа неше түрлі кітаптар, үлгілер қалдырып кеткен болса, бізге де жалқаулыққа салынып ешнәрсені білмей жүруіміз, әрине, адамшылығымызға лайық емес. Сол бұрынғылардың мысалына қарап сөздер һәм әрбір пайдалы ғылымдарды үйреніп білмекке ыждаһад⁷⁵ етуіңіз лайық. Пайғамбарымыз әләһһис-сәләм айтқан: (әл-`илму тәжун лил фәтә уәл-`ақлу туқун мин зәһәбин уәл-жәһлү нәрун таталаһһабу) яғни ғылым жас жігіттердің басқа киген тәжіндей, ақыл алтын зынжырдай⁷⁶, надандық әлек ететін оттай деп және хазірет Әли

⁷²Ғұлама мужтәһидин – діни заң ғылымдарының ең жоғарғы сатысына жеткен ғұламалар.

⁷³Айра – бөлек, басқа.

⁷⁴Имам-Ағзам мазхабы – 14-ші түсініктемені қараңыз.

⁷⁵Иждиһад – ынта, жігер, тырысу.

⁷⁶Зынжыр-шынжыр – «таук» сөзінің баламасы ретінде алынған. Бұл сөздің алқа деген де мағынасы бар.

біреуі – сарандық, біреуі – бұзықтық деп. Бұзықтық деген сөзге көп жаман мінездер кіреді. Өтірікші, қиянатшыл, зорлықшыл ұрысқақ мінездердің бәрі де бұзықтыққа қосылады.

Исраф дегеніміз - Құдай тағала берген дәулетін харам, макруһ орындарға яки қай түрлі болса да тиіссіз орындарға шашып жұмсауды айтады. Бұлай болғанда мырзалық хайырлы болмақ деп бет алдына тиісті-тиіссіз орынға мал жұмсауды мырзалыққа, жақсылыққа қоспайды. Бұл мінезді дүниеде ақымақтық һәм амалды исраф деп атайды. Исраф – харам. Харамды біле-көре еткен кісі отпен азапта қалса керек.

Пайғамбарымыз әләһһиссәләм айтқан: «...*сахибул-исраф ахун лии-шайтани*» яғни, исраф иесі шайтанның ағайыны деп.

Афғал хамидә²²⁶ деген көркем мінездердің әуелі – иман.

Иман дегеніміз куфрлікке қарсы көңілменен рас тұту, пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа әләһһис-сәләмның Құдай тағала жанбуан алып келген бұйрықтарының бәрін де.

Екінші, ағмал самғия бидғатқа қарсы яғни істелген дәлелдер суннат қауымындағы жақсылардың сахабалардан естіп, дұрыстаған жолында болуды айтады. Бұл екі жолдың мағынасын әуелгі баста иман турасында айтып өттік.

Үшінші рияға қарсы ихлас, яғни пендеге лайық, Құдай тағалаға сүйікті болуды тілемек, не жақсылық етсең, адам көзіне көрінсін деуден жырақ болып тек Құдай тағаланың разы болмағын іздемек керек. Пайғамбарымыз әләһһиссәләм айтқан:

«...*уә һуә ән тағбудәллаһә кәәннәкә тәраһу фа ин лям тәқун тәраһу фәиннәһу яракә*» деп. Яғни, ғибадат қылсаң Құдай тағаланы көріп тұрғандай құлшылық ет, сен бұл уақытта Құдай тағаланы көрмесең де Құдай сені көріп тұрушы деп.

Төртінші, тәкаппаршылыққа қарсы тауәдуғ. Әркімге лайық өзін-өзі жоғары тұтпай бәлки жамиғ жұрттан төменмін деп білмек. Бұл сөздің түсінікті мағынасы сол, хақим болсаң өзінді зор тұтып, бөтенді қор тұтпай һәм әр бейшараны аяп, рахыммен сөздерін тындамақ. Оқымысты болсаң білімсіп басынды жоғары көтермей, бәлки надан ағайынынды аяп, білмегенін үйретіп тура жолға салуға тырыспақ.

²²⁶Афғал хамидә – ұнамды, игілікті іс-әрекеттер.

Кибр деген тәкаппаршылық, яғни өзін-өзі бөтендерден білімде болсын, құлшылықта болсын яки дүниеде адамдар арасындағы істерінде болсын жоғары санап жүру. Тәкаппаршылық дүниеде өткен жақсылықтарыңды жойып кететін мінез.

Хатта пайғамбарымыз әләһһиссәләм айтыпты «адамның көңілінде бір мысқалдай тәкаппаршылық болса да ұжмаққа кіре алмас» деп. Хасад дегеніміз күншілдік; яғни біреудегі Құдай тағаланың берген дәулетін, не ілімін, не бір пайдалы ісін көріп, ол дәулеттердің ол адамнан кетуін тілемек. Ұрлық ету, біреудің не малын, не білімін, не бағын күндеп қас болу немесе өлтіру, малын алу, біреуді талау, пәре, өсім алу. Осындай бұзық істердің бәрі де кісіндегі дәулетті өзіңдікі етіп алайын не болмаса өзіңнен білімді кісі болмасын деп ойлайтын мінезден табылады. Құдай тағала мұндай пиғылдан әр мұсылман пендені өзі сақтағай.

Пайғамбарымыз әләһһиссәләм айтыпты:

«...әл-хасиду ля йадхулул жаннатә уәл хасаду йакулуль-хасанати кәмә йакулу-н-наруль-хатаба».

Яғни күншіл кісі жаннатқа кірмес, күншілдік - от отынды жойған рәуішті құлшылығыңды жояды деген сөз.

Бухл дегеннің мағынасы – сараңдық. Сараңдық деп Құдай тағаланың уәжиб еткен мырзалықтардан яғни зекет, хаж, құрбан сою, бейшараларға, пақырларға қарасу, нафл садақаларын беруден қашуды айтады. Бәрімізге мағлұм бұл дүниедегі кісілердің бәрі де әуелінде бір Адам ата, Хауа анадан өрбіген ағайын екендігі; екінші, біреуді бай, біреуді жарлы ету Құдай тағаланың тағдыры екендігі, яғни дүниеде ұйықтап жатпай халал мал тауып бала-шаға, ата-ананы асырау – уәжиб. Бірақ біреудің еңбегі дүниеде пайда болып табылып, бай болады, біреудегі пайда бола алмай, жарлы болады. Соның үшін де пақыр мискиндерге байлардан Құдай тағала зекет, хайыр-садақалар бұйырды. Бірақ осындай рахымды болуды Құдай тағала сүйемін һәм ахиретте бұл қайырларының орнына ұжмақ бұйырып, мәңгі рахатта қалдырармын деп уағда етті. Егер дүниедегі малды Құдай бергеніне түсінбей, жалғыз өз малым деп, бар зекет-хайырдан тоқталған адамдар, яғни өзі қолынан келіп тұрғанда бөтенге хайыр етуді білмеген адам өзгеден һәм хайыр үміт етпесе керек.

Пайғамбарымыз әләһһиссәләм айтқан:

«...хасләтәни ля ястәмигани фил-мумини әл-бухлу уә сууль-хулуқи», яғни, екі нәрсе шын мумин пенденің көңілінше қонбас:

айтыпты ғылым деген бір дайырадай, ал дайыра⁷⁷ суынан ішкен де арманда, ішпеген де арманда. Ішкендердің арманда болуы – ғылым деген сонша терең, тәтті нәрсе, оның суынан бір ішкен кісі және көбірек оқып, көбірек үйренсем дей-дей ақыры ғылым түбіне жете алмай арманда кетер. Тіпті ішпегендердің арманда болуы – ғұмыр бойы қараңғылықты кешіп, жақсылық-жамандықты айыра алмай надандықта өтер. Бұл бейшаралардың халі бегірек⁷⁸ мүшкіл»,— деген екен.

⁷⁷Дайыра – дария.

⁷⁸Бегірек – бек, өте.

ЕКІНШІ БАБ АҒМАЛ ЗАҺИР ТУРАСЫНДА

Ағмал заһир дегеніміз пенденің көріну, әшкере істейтін шариғат бұйырған істер. Құдай тағаланың бұйырған заһир істерінің аты – парыз, уәжиб, суннат⁷⁹, мустахаб⁸⁰, бұйырмаған һәм тыйған істерінің аты харам⁸¹, макруһ тахрими⁸², макруһ танзиһи⁸³ және бұйырмаған һәм тыйылмаған бар істің аты – мубах⁸⁴. Парыз дегеніміз сондай бұйрық. Мұны орнына келтірудің керектігінде ешбір шек жоқ, яғни Құранда, не хадисте, не барша мұсылманның аят-хадиске тура келтіріп ынтымақпен шығарған бұйрықтары намаз, руза, закәт⁸⁵, хаж⁸⁶ рәуишті, бұл парызды орнына келтірмеген кісіге қияметте отпен азап етілінеді.

Тіпті ол парыздың парыз екеніне нанбаған кісі – кәпір болады. Уәжиб дегеніміз сол, ол уәжиб бұйрықтарды орнына келтірген кісіге көп сауап⁸⁷ болар. Орнына келтірмеген кісіге отпен азап болар: Бірақ уәжибқа нанбағанмен кәпір болмайды.

Мәселен, ид (айт)⁸⁸ намаздарын оқу, пітір – садақасын⁸⁹ беру, құрбан шалу рәуиштілер. Суннат дегеніміз пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа салләллаһу әләйһи уә сәлләм өмірінде бір мәртебе, не екі мәртебеден артық қоймай – әдет етіп істеген істері. Мәселен, азан қамат⁹⁰ оқу, намазды жамағатпен⁹¹ оқу рәуиштілер.

⁷⁹Суннат– 1. Мұхаммед пайғамбардың айтқанымен іс-әрекеттері жайлы жиынтығы. 2. Дәстүр.

⁸⁰Мустахаб – тілекке сай, мақұл.

⁸¹Харам – 1. Тыйым салынған, заңсыз. 2. Күнә.

⁸²Макруһ тахрими – тыйым салынған, жағымсыз, зиян қылықтар.

⁸³Макруһ – танзиһи – жағымсыздау, ұят іс-әрекет.

⁸⁴Мубах – барлық істеуге тыйым салынбаған іс-әрекеттер.

⁸⁵Зәкәт (зекет) – қайыр, садақа шариғаттың белгілеуі бойынша мүлік пен кіріске салынатын салық. Бұл салық қауымның қажетіне жұмсалады және кембағал мұсылмандарға таратылады.

⁸⁶Хаж – қажылық ету.

⁸⁷Сауап, сауап – дұрыстық, дұрыс ой, саналылық.

⁸⁸Ғид (айт) – мереке, салтанат; ғид намаздары – мұсылман мерекелері кезінде оқылуда тиісті намаздар.

⁸⁹Садақа – қайыр, құдайы. Әр мұсылманның өз бетімен жасайтын қайырымдылығы, фитр (пітір) садақасы – бір ай ораза ішінде берілетін қайыр-құдайы.

⁹⁰«Азан қамат» оқу – парыз намазына кіріскенде айтылатын сөз.

⁹¹Жамағат — топ, қоғам, жиын. Мұнда: намазды жиылып, топтасып оқу.

- бесінші, хасадқа қарсы – насихат²²²;
- алтыншы, бухлға қарсы – сахауәт²²³,
- жетінші, исафқа қарсы – машруғ²²⁴.

Ахлақ зәммәның, яғни жаман мінездің әуелі куфр дегені – иманы жоқтық яғни растыққа ешбір нанбайтындық. Мәселен, Құдай тағаланың бірлік, барлығына, пайғамбар хақтығына нанбай, халалды харам, харамды халал деушілер. Бұл мінезбен пенде мәңгі тамұқта қалса керек.

Бидғат дегеніміз - пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа салләллаһу әләйһи уә сәлләмды һәм пайғамбарымызға жолдас болған сахабаларды көріп, сөздерін естіп қалған адамдардан кейінгі уақытта өз ойынан жаман пиғылмен шариғат бұйрығы деп әмір шығарып, ол пайғамбар жолдастарының айтып кеткен шын шариғат бұйрықтарынан бас тартып немесе мағынасын өзгертіп жүрушілерді айтады. Бұл мінезді кісілер пайғамбар шапағатынан алыс болса керек.

Мұның хақында пайғамбарымыз әләйһис-сәләм айтыпты: (*ля яқбәлуллаһу тағала лисахибил-бидғати сауман уә ля хажжан уә ля гүмратән уә ля жуһдан уә ля сарфән уә ля адлян уә йахружу минәл-ислами кәмә йахружуш-шағру минәл-ажин*). Яғни Құдай тағала қасында бидғат иесі-адамдардың оразасы, хажы, дінге дұшпан халықтарға қарсы соғысқа барулары, зекет-садақалары, әділдіктері болса да мұсылманшылықтан олар шығарылар бейне қамыр ішінен қыл алып шығарып тастаған рәуишті деген сөз.

Үшінші, рия дегеніміз – Құдай тағалаға қылған құлшылық, адамға еткен жақсылықтың бәрін де Құдай разылығы үшін етіпті. Осы істерімді көріп бөтен адамдар мені жақсы кісі деп білсін деп жүретін мінез, не болмаса, біреуге тілменен жақсы сөйлеп болмаса сырттан жақсы көрінген болып жүріп, ішкергі көңілі бұзықтықта яки дүние, пайдасына ғана керекті пиғылда болуды айтады. Бұл рияменен де Құдай тағалаға не адамға да еткен қызмет пен жақсылық зайиғ²²⁵ һәм зор күнәһарлықтан болып табылады, бәлки куфр болудың да қауіп бар.

²²²Насихат – ақ көңілділік, адал ниетпен берілген кеңес, өсиет.

²²³Сахауәт – жомарттық, кең пейілділік, қайырымдылық.

²²⁴Машруғ – шариғат бойынша дұрыс заңды. Мұнда: малын орынды, үнемді жұмсау.

²²⁵Зайиғ – ауыс кетушілік. Мұнда: бос, бекер.

ҮШІНШІ БАБ АХЛАҚ, ЯҒНИ АДАМДАРҒА ТИІСТІ-ТИІССІЗ МІНЕЗДЕР ТУРАСЫНДА

Пенденің көңілінде болатын пиғыл екі түрлі-ді. Бірі – көркем, бірі – бұзық сипатты. Аят пен хадисте білдірілген жаман мінездер алпыс түрлі. Мұның бәрін бұл кішкене кітапта баян етуге орын болмайды, бірақ сол алпыс түрлі жаман мінездің шығатын түп асылы жеті түрлі мінезден десіпті. Біз осы жеті түрлісі турасында ғана айталық. Бұл жетеудің арабша аттары:

- әуелі – куфр²⁰⁹,
- екінші – бидғат,
- үшіншісі – кибр²¹¹,
- төртіншісі – рия²¹²,
- бесіншісі – хасад²¹³,
- алтыншы – бухл²¹⁴,
- жетіншісі – исраф²¹⁵.

Бұларды ахлақ зәммимә²¹⁶ деп атайды. Осыларға қарсы жақсы құлық жетпіс сегіз түрлі. Олардың шығатын түп асылы тағы да жеті түрлі мінезден болса керек. Бұларды ахлақ хамидә²¹⁷ деп атайды:

- әуелі, куфрлікке қарсы – иман,
- екіншісі – зидду²¹⁸ бидғат, яғни бидғатқа қарсы ағмал самғия²¹⁹,
- үшінші, рияға қарсы – ихлас²²⁰,
- төртінші, кибрге қарсы – тауәдуг²²¹,

²⁰⁹Куфр – дінге сенбеу, дінсіздік.

²¹⁰Бидғат – діннен бөлек өз ойынан шығарған үкім, шариғаттар.

²¹¹Кибр – менмендік, өзімшілдік.

²¹²Рия – мақтану, өзін-өзі көрсету.

²¹³Хасад – қызғаншақтық, күншілдік.

²¹⁴Бухл – сараңдық.

²¹⁵Исраф – дүние шашқыштық, ысырапшылық.

²¹⁶Ахлақ зәммимә – жағымсыз, ұнамсыз мінез-құлықтар.

²¹⁷Ахлақ хамидә – мақтаулы, игілікті мінез-құлықтар.

²¹⁸Зидду – қарсылық.

²¹⁹Ағмал самғия – Құран хадиспен бекітілген амалдар.

²²⁰Ихлас – адалдық, ақ көңілділік.

²²¹Тауәдуг – сыпайылық, момындық, шын берілгендік.

Бұл суннатты орнына келтірген кісі сауапта болар, қойған кісі пайғамбар шапағатынан махрум⁹² болу деген қауіп бар.

Мустахаб дегеніміз пайғамбарымыз әлэйһис-сәләмның бірде істеп-бірде істемеген істері, мәселен, оразалар, нәфл⁹³ – садақалар рәуішті. Бұл мустахабты орнына келтіргендер сауапты болар, келтірмегендер күнаһлы⁹⁴ болмас. Мубах дегенімізді істегенге сауап жоқ, істемегенге күнәһ жоқ (асамақ, ішпек, ұйықтамақ рәуіштілер).

Құдай тағаланың тыйған істерінен: харам дегеніміз шариғаттың қатты тыйған ісі. Харам деген нәрсенің харам екендігіне ешбір шек етуге орын болмас. Харамды істеген кісі отпен азапта қалар, тіпті харамды харам емес деген кісі кафир болар, істемеген кісі зор сауапта болар. Бірақ харамды істегендер тоба насух⁹⁵ қылумен күнәләрі кешілер. Макруһ тахрими дегенімізді істемеген кісі сауабқа, істеген кісі азабқа жолығар.

Бірақ бұл макруһ тахримиді адал деумен кафир болмас. Макруһ танзиһи жаңарақ макруһ, мұны істеумен күнәлі болмас, бірақ толық мұсылмандар істемеске жүһд⁹⁶ етерге керек, мәселен, намаз ішінде сәжде⁹⁷ орнынан бөтен жерге қарау, суннат мустахабты қою рәуіштілер.

Енді әууәл⁹⁸ пенделерге міндетті парыз, уәжиб, суннат, мұстахабтар турасында айталық. Адам баласының Құдай тағалаға ететін құлшылықтарының ішінде зор міндетті парыздары бесеу: әуелі – иман болу, екінші – намаз оқу, үшінші – әр жылда Рамазан айында ораза ұстау, төртінші – әлінен келсе әр жыл сайын зекет беру, бесінші – шамасы келгендер өмірінде бір рет хажға бару. Иман турасында жоғарыда айтып өттік, соның үшін енді соңғы төрт парыз бен харам макруһ нәрселер турасын баян етелік.

⁹²Махрум – құр алақан қалған.

⁹³Нәфил – сый, сыйлық. Нәфл намазы бес уақыт намаздан артық сауап табу үшін оқылады.

⁹⁴Күнаһлы – күнәлі.

⁹⁵Тәуба насух – шын жүректен өкіну, опық жеу.

⁹⁶Жүһд – тырысу, күш салу, еңбек ету.

⁹⁷Сәжде, сәжде – 1. Тәжім етіп, бас ию. 2. Жайнамаз.

⁹⁸Әууәл – бірінші.

ӘУЕЛІ НАМАЗ ТУРАСЫНДА

Бізге парыз балиғлыққа⁹⁹ жеткен соң, яғни бай баласы болса еркегі 12 жасқа, әйелі 9 жасқа, жарлы балаларының еркегі 14 жасқа, әйел 12 жасқа келген соң күн сайын бес уақыт намаз оқымаққа.

Намаздың уақыты:

- ерте намазы – таң атқаннан бастап күн шыққанша,
- өғли (бесін) намазы – түс қаңғи (ауа) бастаған уақыттан бастап көлеңке әркімнің өз көлеңкесіндей екі болғанша,
- екінді намаз – өғли (бесін) намазының соңғы уақытынан бастап күн батқанша,
- ақшам – күн батқаннан бастап күннің қызылы басылғанша,
- хуфтан намазы – шам жамырағаннан бастап таң атқанша.

Намаз оқуға даярланғанда әуелі дененің, бойдың таза болмағы керек, таза болмаған кісі ғұсл құйынарға керек.

Ғұслдың¹⁰⁰, яғни суға түсудің парызы – үш:

- әуелі аузына су алмақ,
- екінші, мұрнына су алмақ,
- үшінші, барша денесін жумақ.

Және суннаты үшеу:

- әуелі, екі қолын жумақ,
- екінші, іш дәретін алмақ,
- үшінші, намаз дәретінше дәрет алмақ.

Намаз дәретінің төрт парызы бар:

- бір – бет жумақ, ұзыны маңдайдағы шашынан бастап иек астына шейін, көлденеңі бір құлақ жұмсағынан екінші құлақ жұмсағына шейін,
- екіншісі – екі қолын жумақ шынтағына шейін,
- үшінші – бастың төрт бөлігінің біріне мәсх¹⁰¹ қылмақ,
- төртінші – екі аяғын жумақ.

Бұл парыздардың бәрі орнына келмесе де дәрет дұрыс болмайды.

Әрбір шикі тері, мәселен, заты харам түлкі, қасқыр болса да бауыздаумен терісі тұтынуға халал. Мұнан ғайри өлексе хәм болса да барша тері илеумен адал болады. Жалғыз илеу хәм бауыздаумен адал болмайтын махлұқтар – шошқа мен адам терісі. Адам терісі қасиеті артықшылықтан, шошқа терісі затының таза еместігінен тұтынуға адал емес.

Төртінші, жоғарыда айттық, ішу-жеуден басқа да адамның пиғылымен істейтін істерінде де харам нәрселер көп деп. Мәселен, кісі өлтірмек, кісі хақын әсіресе жетімдердің хақын жеу керек, ұрлық керек, зорлық керек, пара керек, өсім сипатында болсын зина²⁰⁵ ету яки таза адамды зинақор деп сөгу, ғалымдарды, жақсы адамдарды әсіресе әйелдерді сөгу, соғыс уақытында қорқып, қатардан қашу, біреуді сырттан не беттен ғайбаттау, ата-анадан қарғыс алу – осындай пиғыл мен істің бәрі де зор харамдар хәм күнә кәбира, яғни, зор күнәлар деп аталады.

Кәләм шәрифте сураи Нисада²⁰⁶ ғайри неше сүрелерде де, ғақаидта²⁰⁷, ғылым кәләмда уә ғайри кітаптарда айтылған-дүр. Мұндай жауыз істерді істегендер ахиретте отпен қатты азапта қалар. Харамдығына нанбағандар кафир болар хәм дүниеде де патшалар хүкімімен²⁰⁸, шарифатпен жаза берілу уәжиб. Еркек адам ылғи жібек кимек яки риуәсыз алтын күміспен ас жемек, намаздан бөтен уақыттарда да дүниені, киімді нас тұтыну – бұлар макруһ тахрими тіпті харам да десіпті. Бірақ жібек киім кию хәм алтын-күше нәрселерден әдемі нәрселер істетіп тағыну әйелдерге дұрыс.

Құдай тағаланың бұл тыйған істерінен көрінеді:

- бірінші, көңілі жамандық, бұзық, қиянат пиғылдардан сақтамақ;
- екінші, денені де бұзықтықтан хәм настықтан сақтамақ;
- үшінші, Құдай берген дәулетті тиіссіз нәрселерге яки харам нәрселерге жұмсамай жақсылық орындарға, зекет, хайырға жұмсамақ міндет хәм хайырлы екендігі.

⁹⁹Балиғлық – арабтың «балиғ» сөзінен – есейген, ер жеткен.

¹⁰⁰Ғұсл – дәрет алуға қажет су. Ғұсл – дәрет алу, тазалану.

¹⁰¹Мәсх – сылау, сипау.

²⁰⁵Зина, зинақор – некесіз қосылу.

²⁰⁶Сураи Ниса – әйелдер сүресі, Құранның төртінші сүресі.

²⁰⁷Ғақаид – ақида сөзінің көпше түрі, сенім дегенді білдіреді.

²⁰⁸Хүкім – үкім.

Бауыздаған малдың жаны шықпай тұрып басын кесіп алу макруһ һәм олардың ішінен шыққан баласы біздің имамымыз имам Ағзам қасында халал емес. Екінші, бауыздалса да халал болмайтын хайуандар сол, егер ол хайуандар ұлығын ²⁰² һәм жыртқыштардан болса. Мәселен, ит, түлкі, қарсақ, тышқан тұқымдары, мысық, қасқыр, жолбарыс, арыстан, пілдей жануарлар және хайуан болсын, құс болсын өлексе, шірік нәрселер жесе, мәселен, шошқа, ит, қара құс, шағаладайлар. Құстың айыр тұмсықты жыртқышы, тырнақты һәм қанатымен соғып аң жейтіндері (бүркіт, қаршыға, жағалтай, ителгі, үкідейлері) харам. Хашараттың ²⁰³ яғни жылан, құрт, құмырсқа, бүрге, биттейлердің бәрі де, жалғыз шегірткеден басқасы, харам.

Шегіртке – халал. Осындайлардан басқа қолдағы төрт түлік мал, қырда киік, құлан, қоян, бұғыдай аңдар халал. Құста залалсыз – үйрек, қаз, аққу, жылқышыдайлар. Суда күллі балық – бәрі де халал. Балық пен шегіртке бауыздамай да жеуге дұрыс. Адам қолына үйренген хайуандардан қашыр мен есек харам һәм жылқы еті турасында да қайсыбір имамдар макруһ деседі. Хайбар деген шаһарды алған күні пайғамбарымыз әләйһиссәләм жылқы етін жеуге рұқсат етіпті. Соған қарағанда жылқы етін де халал дейміз.

Үшінші, аң мен құс бауыздамай да халал болатын орындары осы: ит жүгіртіп, не құс салып, не мылтық, оқ атып, аң аулап жүрген адамдар, мәселен, итті қосарда (бисмилләһи Аллаһу әкбәр) деп жіберсе, иесі барғанша ол ит киікті, қоянды, не құсты өлтіріп, бірақ жемей тұрса. Осылайша алдырған қоян, киік халал һәм жеуге дұрыс. Мұндай иесі барғанша алған аңның етін жемей тұруға үйренген итті муғаллям ²⁰⁴ дейді. Аң аулауға үйреткен құс, мәселен, бүркіт, қаршығадайлар жібергенде ұшып, шақырғанда қолға келсе, мұны да муғаллям дейді. Осындай құсты да аңға жіберерде (бисмилләһи, Аллаһу әкбәр) деп жіберсе, адам жетіскенше алған аңы өліп қалса да, жеуге халал. Бірақ ол алдырған аң кісі барғанша тірі тұрса, бауыздамай халал болмайды. Оқпен һәм мылтықпен атып, барғанша өлген аң яки құс ол мылтықпен оқ (бисмилләһи, Аллаһу әкбәр) айтылып атылған болса – жеуге халал. Бірақ оқтан жараланбай өлген құс немесе аң халал болмайды.

²⁰²Ұлығын – мұнда ұлитын деген мағынада болса керек.

²⁰³Хашарат – жәндіктер.

²⁰⁴Муғалләм – үйретілген.

Намаз дәретінің суннаттары – әуелі, дәретті (бисмилләһир-рахмәһир-рахим) деп бастамақ, онан соң екі қолын жумақ, аузын мисуәкпен ¹⁰² жумақ, аузына су алмақ, мұрнына су алмақ. Сумен сақалын араластырмақ, бармақтарын араластырмақ және әр денесін жуғанда үш-үш реттен жумақ, һәм әр денесін ретпен жумақ, басының баршасына мәсх қылмақ және дәрет арасында бөтен жұмысқа айналанбай дәрет қылмақ.

Дәреттің мустахабтары: әр денені жуғанда оң жағынан жуа бастамақ және мойнын мәсх қылмақ.

Дәреттің бұзылатын істері: әуелі түзге отыру, денесінің бір жерінен қан, сары су шықса, түкірікті қызартқан шамаға шейін тіс қанаса, қан қосылса яки бөтен құсықты ауыз толғанша құсса, ұйықтамақ, есі кетпек, жындану, балиғ ¹⁰³ болған кісі намаз ішінде үн шығарып күлу – осылардан дәрет бұзылады. Жаңадан алмаққа керек. Егер намаз уақытын өткізбей барып дәрет алатын жақын жерде су болмаса, һәм судың алыстығы бір миль шамасы, яки төрт мың қадамнан жақын болмаса, немесе су болғанда да біртүрлі дертті адам болып денеге су тигізуден залал болғандай болса немесе суға баратын жолында адамға залал ететін қорқынышты махлұқ, я жау бар болса, ғұсл мен дәрет орнына таяммум ¹⁰⁴ қағып намаз оқуға болады. Таяммум дегеніміз сол, бір таза жер жынысына әуелі екі қолын ұрып жүзіне мәсх етеді, яғни бетін сипайды, екінші рет екі қолын сол жерге және ұрып, шынтағына шейін сипайды. Бұл таяммумды тозаңы бар таза киімге соғып таяммум етуге де болады.

Және мәсіге мәсх ету дегеніміз дәретті, мәселен, таңертең бір алып, аяғын жуып мәсі киген соң, сол күн ішінде келесі тәулікке шейін жаңадан аяқ жумай-ақ, мәсі сыртынан мәсх етумен аяқ дәретін алғанға хисаб (есеп) болады. Бұл мәсіге мәсх ету дегеніміз қолға су алып үш бармақ қадары ¹⁰⁵ мәсі сыртынан сызық ету, осылайша мәсіге еткен мәсхтың үйінде тұрған мұқим ¹⁰⁶ кісіге мұддаты – сол мәсіні киген соң дәрет бұзылған уақыттан бастап – бір тәулік, мусафирға ¹⁰⁷ осы қалып-

¹⁰²Мисуәк – тіс тазалағыш.

¹⁰³Балиғ – 99-шы түсіндірмені қараңыз.

¹⁰⁴Таяммум қағу – сумен дәрет алудың орнына жердегі таза топырақпен бетін, қолдарын сүрту.

¹⁰⁵Қадар — өлшем, мөлшер, шама.

¹⁰⁶Мұқим – сапарға шықпаған тұрғын.

¹⁰⁷Мусафир – жолаушы.

ша — үш тәулік. Егер мәсінің үш бармақ шамасынша жыртығы бар болса, мәсх оған жарамайды.

Намаз ішінде он екі парыз бар, алтауы – тысқары, алтауы – ішкері.

Тысқары болған алтауы: әуелі, намаз оқуға кірісерден бұрын денесін тазалау, яғни ғұсл керек, орнында ғұсл етіп дәрет алу; екінші, киімін һәм намаз оқитын орнын нәжістен пәк ету; үшінші, ұят жерлерді ашық қоймай, жауып оқымақ, еркек болса, тізесі мен кіндігінің екі арасын, әйел болса беті мен екі қолы, екі аяғынан басқасының бәрін жабу керек. Осы ғаурат¹⁰⁸ деп, яғни жасырылатын жер деп, аталған денелердің төрттен бірі жабылмаса да намаз дұрыс болмайды. Төртінші, намазды уақытымен оқымақ. Бесінші, бетін құбылаға қойып оқымақ. Алтыншы, намазға ниет ету.

Ішкері болған алты парыздың бірі – такбир тахрими¹⁰⁹, яғни «Аллаһу әкбәр» деп намазға кірісу; екіншісі – қиям¹¹⁰, яғни намаздың әрбір ракағатында¹¹¹ бір рет аяқ үстіне тұру; үшіншісі – қирағат¹¹² яғни, намаз ішінде Құран сүрелерін оқу; төртінші – рукуғ¹¹³, яғни басын, денесін иіп, екі алдымен тізеге сүйену; бесінші – сәжде¹¹⁴, яғни басын жайнамаз үстіне жүзін төмен салмақ; алтыншы – ақырғы отыру, *әттәхият*¹¹⁵ оқитын шамаға шейін. Бұл он екі парыздың бірі орнына келмесе де намаз дұрыс болмайды.

Намаздың уәжибтері – он екі.

Бірінші, «Әлхамды»¹¹⁶ дұрыстап оқымақ;

екінші, бұл «Әлхамдыға» әуелгі екі ракағатта бір сүре немесе үш қысқа аят қосу;

үшінші, намаздың ретін орнына келтіру, яғни, әуелі қиям, екінші – рукуғ, сонан соң сәжде рәуіштілерді бұрын істейтінін бұрын істеп, соң оқылатынын соң оқымақ;

төртінші, төрт ракағат, я үш ракағат намаздарда ортасындағы *әт-тәхият*қа отыру;

¹⁰⁸Ғаурат – ұятты жерлер.

¹⁰⁹Такбир – 1. мақтау, мадақтау, 2. «(Аллаһу әкбәр)» – Алла ұлы сөздерін айту.

¹¹⁰Қиям – түрегелу, тік тұру.

¹¹¹Ракағат – намаздың бір бөлімі.

¹¹²Қирағат – оқу.

¹¹³Рукуғ – тізе бүгу, тәжім ету.

¹¹⁴Сәжде – 97-ші түсініктемені қараңыз.

¹¹⁵Әттәхият – намазда оқылатын дұға,

¹¹⁶Ал-хамду, әлхам – Құранның бірінші «Әл-Фатиха» (ашушы, бастаушы) сүресі.

БЕСІНШІ, ХАРАМ, МАКРУҢ¹⁹⁸ ТУРАСЫНДА

Жоғарыда ағмал заһир дегеннің мағынасын түсіндірген орында айтып едік, «Құдай тағала пенделерге екі жол көрсетті, бірі – бұйырған жол, бірі – тыйған жол» – деп. Парыз, уәжиб, суннат, мұстахабтар – Құдай тағаланың бұйырған һәм сүйетін істері. Енді Құдай тағаланың тыйған істері турасында, яғни, харам, макруһ дегендер турасында айталық.

Харам, макруһ нәрселер адамның пиғылында да, көрсетіп денемен істейтін істерінде де, жейтін, ішетін тамақтарында да көп. Бәрін бұл кішкене кітапта баян етуге орын жоқ. Ішетін, жейтін, тұтынатын нәрселер ішінде әуелі адамды мас ететін хамр¹⁹⁹ яғни арақ, көкнәр, апиындай (опиум) нәрселер харам. Хатта жеуге халал²⁰⁰ тамақты да мас болғанша немесе қалпынан артық, құсқанша жесе, бұл да харам. Ләкин әлгі көкнәрдай нәрселер болса да ауруларға дәрі сипатында зәруриліктен берілсе, харам болмас.

Әрбір нәжіс нәрселер, яғни, адамның, хайуанның бойынан шыққан кіші жарақтағы һәм ұлы жарақтағы қою-сұйық нәжістер һәм бауыздаудан шыққан қан рәуіштілер – харам. Бауыздалмай өлген малдың еті һәм әрбір өлексе – харам.

Бауыздаудың шарты – өтетін пышақпен (бисмилләһи, Аллаһу әкбәр) деп, жұтқыншақтың арт жағынан орып жіберіп бауыздамақ. (Бисмилләһи Аллаһу әкбәр) айтылмай бауыздалса да халал болмайды. Мұнан соң малды бауыздап, қашан жаны шыққанша бөтен сөз сөйлеу макруһ десіпті. Кітаби (әһли кітәб) кәфірлердің де бауыздауы халал, егер (бисмилләһи Аллаһу әкбәр) деп қай тілмен де болса айтсалар. Үйде еркек кісі болмай, мал союға мұқтаж болса, қатын да һәм балиғлыққа жетпеген бала бауыздауға болады. (Бисмилләһи, Аллаһу әкбәр-ды) айтып зауда²⁰¹ зарури болса пышақ табылмаған орында қамыс я тастың өткір қырымен бауыздау да дұрыс.

¹⁹⁸Харам – күнә болатын, тыйым салынған іс-әрекеттер. Макруһ – жек көрінішті пиғыл.

¹⁹⁹Хамр – арақ, шарап.

²⁰⁰Халал – адал, рұқсат етілген, заңды.

²⁰¹Зауда – адал мұнда: өте Зауда, зарури болса – өте зәру қажет болса.

ым, егер әмірің болса, сенің ризалығын үшін өзімді де құрбан етер едім», – деп. Мұнан соң дүние сөзін сөйлеместен бұрын тез екі ракағат нәфил¹⁹⁵ намаз оқу керек, әр екі ракағатта бір рет «Әлхамду» һәм он рет «Құль хуәллаһу» сүресін оқуы керек.

Парыз, уәжиб, суннат, мұстахабтар жалғыз жоғарыда айтылған иман, намаз, руза, зекет, хажда ғана емес, мұнан ғайри орындарда да көп. Оның үшін адамзатқа тиісті жақсылық істердің бәрі де қайсысы уәжиб, қайсысы парыз, қайсысы суннат, қайсысы мұстахаб болса керек. Бұлардың бәрін бір кітапқа жинамаққа мүмкін де емес. Һәм бұл кішкене кітапта орын да жоқ.

Мәселен, патшалардың жарлығын орнына келтіру, һәм ата-ананы құрмет ету – қай кітапта парыз, қайсысында уәжиб һәм олардың қызметінде болмақ, ата-ана, қатын-балаға халалдан нафақа¹⁹⁶ тауып бермек, әлімдерге, жасы, жолы үлкен ұлыларға төменшілік ету, бөтендерді үйрету үшін оқу оқып, ғылым үйрену, құрбан шалу, пітір-садақасын беру, пақыр ағайындарға һәм көршілерге қарасу – бұлар уәжиб. Сырқаулардың көңілін сұрамақ, жасы үлкен һәм білімі артық ғалымдарға арнайы сәлем үшін бару һәм насихат сөздерін тыңдау, шақырғанға қонаққа бару, жолаушыға меймандос болу, әркіммен жұмсақ, жылы шыраймен һәм көңілге тимей сөйлесу – бұлар суннат, яғни пайғамбарымыздың әдет еткен істері һәм мінездері. Осы құлықта болған кісілерге пайғамбарымыз дүние ахыретте шапағатшы болар (*уә Аллаһу ә-лям*)¹⁹⁷.

¹⁹⁵Нәфил намаз – қосымша намаз. 93-түсініктемені қараңыз.

¹⁹⁶Халалдан нафақа табу – адал мал табу.

¹⁹⁷(Уәллаһу әғлям) – Алла жақсы біледі немесе бір Аллаға мәлім.

бесінші, әр отырыста *әт-тәхият* оқымақ;
алтыншы, қирағатты намаздың әуелгі екі ракағатында оқу;
жетінші, үтір намазында дұға Құнут¹¹⁷ яғни *Аллаһумма әнә нәстәгинук*-ты¹¹⁸ оқымақ. Бұл дұғаны білмегендер бөтен бір білген дұғасын оқыса да болады;
сегізінші, екі ғид (айт) намаздарының такбирлері;
тоғызыншы, имам болған кісінің намаз ішінде әшкере дауыстап оқитындарын дауыстап оқуы;
оныншы, жасырын оқитын орындарды жасырын оқуы;
он бірінші, тағдилүл-әркән¹¹⁹ яғни қиямды, руқуғты, сәждені орнына келтіру, асығып бірін біріне қосып жібермейінше;
он екінші, сәлем бермек. Осы уәжибтерді біле, көре орнына келтірмеген кісі күнәлі болар, бірақ намазы дұрыс.

Егер хатадан¹²⁰ қалдырса, күнәлі емес.

Жаңылған үшін сәжде соғу керек. Сәжде соғу дегеніміз намаздың ақырғы отырысында *әттәхият*-ты *«абдуһу уә расулуһу»*-ға шейін ғана оқып, екі жаққа сәлем беріп, сонан соң қайта отырып *әттәхият*ты басынан аяғына шейін, яғни, салауаттарымен¹²¹ бірге оқып, екі жаққа сәлем беріп, намазды тамам ету. Бірақ алдында имам бар болса, әуелгі ретте бір жағына ғана сәлем беріп сәжде соғылады.

Намаздың суннаттары жиырма бес.

Әуелі намазға кіріскенде екі бармақты жоғары көтеріп екі құлағының жұмсағына шейін апармақ, екінші, оң қолын сол қолының үстіне салып кіндік астына қоймақ; үшінші, сәнә¹²², яғни *«субхан»*-ды оқымақ; төртінші, «Әлхамды»-дан бұрын (әғузу билләһи минәш-шәйтанир-ражим)¹²³; бесінші, мұнан соң бисмилләһир-рахмәнир-рахим деп оқымақ, бұл үшеуін де жасырын, дауыстамай оқу тиісті; алтыншы, үш я төрт ракағатты намаздардан соңғы екі ракағатында «әлхамды» оқымақ; жетінші, «әлхамды» оқып болған соң, жасырын «әмин» демек; сегізінші, руқуғ сәжде араларында такбир¹²⁴, яғни «Аллаһу әкбәр» деп

¹¹⁷Дұға Құнут – уитр намазында оқылатын торығу, ашыну дұғасы.

¹¹⁸(Аллаһумма әнә нәстәгинук) – «О, Алла біз саған көмек сұрап жалбарынамыз».

¹¹⁹Тағдилүл-әркән – намаз ішіндегі амалдарды өз тәртібімен орындау.

¹²⁰Хата – қате.

¹²¹Салауат – Намазда пайғамбарға бата беру.

¹²²Сунна — Мұхаммед пайғамбардың іс-әрекеттері мен өсиеттері.

¹²³(әғузу билләһи минәш-шәйтанир-ражим) – Аллаға таспен атып қуаланған (қарғыс атқан) шайтаннан сақтай көр деп жалбарынамын.

¹²⁴Такбир – 109-шы түсініктемені қараңыз.

айтпақ. Имам бұл такбирді әшкере¹²⁵ айтады, ұйығандар жасырын айтады.

Тоғызыншы, рукуғ қылғанда екі тізесіне таянбақ, екі қолтығын қуыс етіп; оныншы, рукуғта арқасын тегіс түзеп тұрмақ; он бірінші, рукуғта үш рет (*субханә раббиял-азым*)¹²⁶ деп айту; он екінші, рукуғтан бас көтергенде жалғыз оқыған, яки имам болған кісі болса (*сәми` Аллаһу лиман хамидәһ*)¹²⁷ демек, имамға ұйығандарға (*раббәнә ләкәл-хамду*)¹²⁹ демек; он үшінші, бұл *раббәнә ләкәл-хамду* - ны кәміл рукуғтан¹³⁰ тұрып, тура тұрған соң айтпақ.

Он төртінші, сәждеге барғанда екі қолынан бұрын тізесіне шөгу; он бесінші, онан соң екі қолын жерге қою, қол аяқтарының бармақтарын құбыла тарапына жіберіп хәм сәждеден орын жетсе, екі қолтығын ашық тұтып қарны мен жердің арасында қуыс қалдырмақ; он алтыншы, екі қолдың арасына сәжде ету, екі бас бармағын құлақ жағына қаратып жатқызып; он жетінші, сәжде қылғанда әуелі маңайдан бұрын мұрнын жерге қоймақ; он сегізінші, сәждеге үш рет (*субханә раббиял-әғля*)¹³¹ деп тасбих ету¹³²; он тоғызыншы, сәждеден тұрған соң, жерге отырмай хәм қолдарыменен жер тірмей тұрмақ; жиырмасыншы, «әттәхиятқа» отырғанда оң аяқты шаншып, сол аяқты төсеп, үстіне отырмақ; жиырма бірінші, «әттәхиятқа» отырғанда екі қолын екі санының үстіне салып бармақтарының арасын ашық етіп отырмақ; жиырма екінші, ақырғы отырыста, «әттәхият» соңынан пайғамбарымызға салауат¹³³ оқымақ (*Аллаһуммә салли `алә Мухаммадин уә `алә али Мухаммад...*) ахырына шейін; жиырма үшінші, бұл салауат соңында өзінің білген тілек дұғаларын оқымақ; жиырма төртінші, имам болған кісі оңға, солға сәлем бергенде оң жақ, сол жақтағы кісілерді хәм екі иініндегі әр не істеген істерінді жазып отырушы, қарауылшы періштелерді көңілге алып сәлем бермек, жалғыз оқыған кісі тек періштелерді көңілге алар; жиырма бесінші, оңға-солға сәлем бергенде мойнының ақтығы көрінетін шамаға шейін мойынды бұрмақ. Бұл суннаттардың қайсы біреуі табылмаса да намаз

¹²⁵Әшкере айту — дауыстап, естіртіп айту.

¹²⁶(Субханә раббиял-азым) –ұлы Құдайым нұқсандардан пәк (даңқы артсын).

¹²⁷(Сәмиғаллаһу лимән хамидәһу) – Алла өзін дәріптегендерді естиді.

¹²⁸Ұйығандар – тыңдағандар.

¹²⁹(Раббәнә ләкәл-хамд) –Құдайымыз мақтау (даңқ) саған.

¹³⁰Камил рукуғ – тізені толық бүгіп отыру.

¹³¹(Субханә раббиял-әғля) – ең жоғары мәртебелі Құдайымдың даңқы артсын.

¹³²Тасбих ету – 38-ші түсініктемені қараңыз.

¹³³Салауат– 121-ші түсініктемені қараңыз.

Ибраһим пайғамбар қабыл етті, тұрды, баласының қол-аяғын байлады, жүзін төмен салды, бірақ пышақпен Исмағилдың мойнына тартып қалғанда пышақ батпады. Ибраһим қатуланып және тартты және батпады. Үшіншіде бар күшін салып тартып еді, сонда да кеспеді. Ибраһим ашуланып пышақты лақтырып тастаған сағатында Құдай тағаладан үн келді (*уә нәдәйнәһу ән я Ибраһим қад сәддәқтәр-рубийә*) яғни, «ей, Ибраһим түсінді расқа шығардың. Сен сөзіңе жеткен соң, біз хәм саған сый жібердік (қаулуһу тағала) Тағаланың сөзі: (*иннә кәзәликә нәжзил-мухсинина*) «ал, бұл қошқарды құрбан ет балаңа амандық бердік» (*уә фәддәйнәһу би-зибхин азымин*) деп. Сол уақытта Жәбраил «Аллаһу әкбәр» деді, хәм бір қой келтірді. Мұны көріп Ибраһим (ля иләһә иллаллаһу уәллаһу әкбәр) деді. Исмағил: «(Аллаһу әкбәр уә лилләһил-хамду)», – деді. Соның үшін Құрбан айты күндерінде бұл такбирды айтушылардың күнәсін Құдай тағала жарылқар деген.

Құрбан шалу әрбір үй иесі, мүлік иесі адамдарға уәжиб. Мәселен, ер мен қатын, ата мен баланың нисабқа¹⁹² жетерлік бөлек малдары болса, оларға да өз алдына құрбан шалу уәжиб. Құрбанды шалу рәсімі әркімге белгілі-ді. Бір кісіге бір жасқа толған бір қой союмен, сиырдың толық екі жасқа, яғни 24 айға толған, хәм түйенің бес жасқа толғанын жеті кісінің құрбаны үшін союмен уәжиб мойнынан түседі. Құрбан етін үш бөліп бір пәресін өзі жеп, бір пәресін көршілерін шақырып сыйлап, бір пәресін бейшараларға үлестіру мұстахаб. Ләкин, ол етті ешкімге бермей өзі үйі-жамағаттарымен жесе де дұрыс десіпті. Артығырағы пақырларды, көршілерді махрум қоймағандық болса керек. Құрбанға даярлаған мал аурулы, ақсақ болса жарамайды, Көруге қораш болуы хәм дұрыс емес. Малды жығып, аяғын байлаған соң (әғузу билләһи минәш-шәйтанир-ражим, бисмилләһир-рахманир-рахим) айтып, осы дұғаны оқырға керек:

(*Аллаһуммә һәзә минкә уә шәйкә иннә сәляти уә нусуки уә махьяя уә мәмәти лилляһи раббил-аләминә ля шәрикә ләкә уә бизәликә умирту уә әнә әууәлул-муслимина Аллаһуммә тақаббәл хәзиһил-удхиятә*)¹⁹³ пәлен-пәлен ұғылынан, (бисмилляһи, Аллаһу әкбәр) деп, бауыздап хәм ішінен айтарға керек:

«Алла, бұл құрбандықты біз бейшара пендеңнен қабыл ет. Алла, Ибраһим халилыңнан¹⁹⁴ қабыл еткеніндей қабыл ет. Ей, Құдай-

¹⁹²Нисаб – белгілі малдың, ақшаның мөлшері.

¹⁹³(Аллаһуммә һәзә минкә...) – Ей, Құдайым, бұл сенен...

¹⁹⁴Халил – сүйікті, ең жақсы көретін, дос.

Шайтан бөтен нандырарлық сөз таппаған соң, ақырында:

- Сені Құдай разылығы үшін құрбан етуге барады, – деді. Исмағил айтты:
- Егер Құдай разылығы үшін болса бір жаным түгіл жүз жаным болса да өлмекке разымын.

Мұнан тауы қайтып Ібіліс Исмағилдың шешесі Ажарға келді, катынды азғыру оңайырақ болушы еді ғой деп. Ажар да Ібілістің «баланды өлтіруге алып кетті» дегеніне нанбаған соң, бұған да Ибраһим Құдай разылығы үшін Исмағилды құрбан етуге алып барады деді.

Ажар да айтты: – Егер Құдай разылығы үшін болса және жүз баламды шалуына разымын», – деп.

Шайтан қапа болып қайтып Исмағилға келіп және азғырып қарап еді, Исмағил атасына дауыстады:

- Мынау бір адам жоқ сөздерді айтып тынышымды кетіре береді? – деп. Ибраһим айтты:
- Ол адам сипатындағы шайтан. Егер қасыңа жақындаса таспен ат.

Соның үшін ол жерлерде осы қалыпша тас ату бұл уақытқа қажыларға мирас болып қалды. Мұнан соң Ибраһим тау басына жетісіп отырып, пышақты тасқа ұрды һәм айтты:

- Ей, балам, сені түсімде бауыздап жүр екенмін. Исмағил айтты:
- Ей, ата, Құдайдың бұйрығы нешік болса, солай қыл. Сен Құдай разылығы үшін ұғылдан¹⁹¹ кешсең, мен де жанымнан кештім. Досыңа берген уағдаңды орнына келтір, – деді. Ибраһим жылай айтты:
- Ей, ұғлым, нешік сабыр етейін? Исмағил айтты:
- (Инша Аллах) Құдай тағала мені сабыр иелерінен еткей. Енді, ей, ата, тұр, кешке қалма, саған үш өсиетім бар: әуелі, қолымды қатты байла, жан ашуымен ұрынсам қаным сізге тимесін; екінші, бауыздарда жүзімді төмен қарат, бетіме көзің түсіп һәм аталық мейірің түсіп, бауыздарға келгенде қолың тітірмесін; үшінші, анама сәлем айт һәм қайда қара шашты жігіт көрсең, мені жадыңа түсіріп дұға қыл», – деді.

¹⁹¹Ұғыл – ұл.

мойнынан түседі, бірақ суннатты қалдырудан ақыретте сілте¹³⁴ болар.

Намаздың мұстахабтары – сегіз: әуелі, (*хайа`аляс-саләһ-ты*)¹³⁵ айтқан заманда намазға тұрмақ; екінші, (*қад қамәтис- саләһты*)¹³⁶ айтқанда намазға ниет ете бастамақ; үшінші, такбирдың аяғында (Аллаһу әкбәр) деген заманда құлақ қағу үшін қолын жеңінен шығармақ; төртінші, намаз ішінде аяқ үстінде тұрған уақыттарда сәжде ететін орынға қарап тұрмақ; бесінші, рукуғ уақытында екі аяғы жағына қарап тұрмақ, алтыншы, қиямда тұрғанда екі аяғының арасын төрт бармақ қалдырып ашып тұрмақ; жетінші, сәжде уақытында мұрын жағына қарамақ; сегізінші, «әттәхиятқа» отырғанда киімінің етегіне қарап отырмақ. Бұл мұстахабтарды орнына келтіргендерге сауап бар, орнына келтірмегендер күнәлі болмас.

Намазды бұзатын он төрт түрлі іс бар: әуелі, намаз уақытында ғүзірсіз¹³⁷ тамақ қырып қақырынбақ; екінші, түшкірген кісіге намазда тұрып (*ярхамукәлла*)¹³⁸ деп жауап бермек; үшінші, имамнан басқа біреудің жаңылған жерін намаз ішінде тұрып айтып жібермек; төртінші, біреу намаз үстінде тұрған кісіге: «Құдайдан бөтен құдай бар ма?» – деп сұраса да (*лә иләһә илләЛлах*)¹³⁹ деп те жауап қайыру дұрыс емес, бірақ өзінің намазда тұрғанын білдіру ниетпен айтса намаз бұзылмайды; бесінші, намазда ғаурат деп аталған денелердің төрттен бірі ашылып тұрса; алтыншы, намазда тұрып бір нәрсе ойына түсіп жыламақ, бірақ ұжмақ-тамұқты ойлап жылаудан бұзылмайды; жетінші, қолы не тілімен біреудің сәлеміне сәлем қайтармақ; сегізінші, намазды балиғ болғаннан бері қарай қалдырмай оқып келе жатқан адамның (сахибут-тартиб) бір уақытта қалған намазы есіне түссе, ол оқып тұрған намаз бұзылады, әуелі ол еске түскен қазаны өтеп¹⁴⁰, сонан соң уақытындағы намазды өтемек керек; тоғызыншы, намазда тұрып кебіс, мәсі шешу рәуішті істер; оныншы, сөйлеу; он бірінші, тамақ жеу; он екінші, тамақ ішу; он үшінші, қарқылдап күлу; он төртінші, есінен тану. Бұл істердің қайсысы да болса істелген болса, намазды қайта оқу уәжиб.

¹³⁴Сілте болар – күнә болар.

¹³⁵(Хайа ғаләс-саләәһ) – намаз оқуға асығыңдар (намазға шақыру).

¹³⁶(Қад қамәтис-саләәһ) – намаз уақыты келді.

¹³⁷Ғүзр – кешірім, рұқсат сұрау.

¹³⁸(Ярхамукәлла) – саған Алланың рақымы түссін.

¹³⁹(Ля иләһә илләллаһ) – Алладан басқа Құдай жоқ.

¹⁴⁰Қазаны өтеу – өз уақытында оқылмай, ұмыт қалған намазды оқу.

Намаз ішінде істелетін істердің он түрлі мақруһы бар. Әуел, «әтәхиятқа» отырғанда төрт қырланып отыру, яғни екі аяғын астына басып отыру; екінші, намаз ішіндегі аят, тасбихтерді бармақпен санау; үшінші, сәждеде екі білектерін жерге төсеу; төртінші, көзімен шетке қарау; бесінші, ғүзірсіз көзін жұму; алтыншы, сәжде ететін жерден уақ тастар алып айналдырмақ, егер ол тастан сәжде етуге қиын болардай болса бір рет айналдырып жіберуге болады; жетінші, шалманың шетіне ғүзірсіз сәжде қылмақ; сегізінші, намазда керіліп-созылмақ; тоғызыншы, уысын аузына баспай есінемек; оныншы, киімінен немесе денесімен, я шашы, я тілімен ойнамақ, қатарда орын бола тұрып намазды артқы жақта жалғыз оқымақ.

Бес уақыт намаз былай оқылады. Намаз оқу алдында дененің, киімінің, жайнамазыңды жоғарыда айтылған қалыпша тазалап, намаз оқитын жерге келіп немесе мәсжидке¹⁴¹ келіп жүзіңізді құбылаға қойып (әғузү билляһи минәш-шәйтанир-рәжим бисмилләһир-рахманир-рахим) деп бастап ниет айтасыз, ерте намазы болса, әуелі екі ракағат суннат оқылады.

«Ниетті Аллаға ниет қылдым ерте намазының екі ракағат суннатын өтемекке, жүзім жөнелдірдім құбыла жағына (халисан лилләһи тағала, Аллаһу әкбәр)»¹⁴² деп құлақ қағасыз. Мұнан соң қолдарыңызды кіндік астына құсырынып (*субханәкәллаһумма уә бихамдикә тәбаракәсмүкә уә таалә жәддукә уә лә иләһә ғәйрукә*)¹⁴³ деп оқисыз.

Мұның соңында және (*әғузү билляһи минәш-шәйтанир-рәжим бисмилләһир-рахманир-рахим*)¹⁴⁴ -ды айтып, сурат «Әлхамды»¹⁴⁵ оқып, оның артынан бір сүре қосасыз. Әл-хамду мен намазда оқылатын бірнеше қысқа сүрелер мағынасымен бұл кітаптың аяқ жағында бөлек жазылды, сонан қарап көресіз. Сүрені оқып бола салысымен (Аллаһу әкбәр) деп, руқуғқа барасыз.

¹⁴¹ Мәсжид – мешіт.

¹⁴² (Халисан лилләһи тағала, Аллаһу әкбәр) – Алла тағалаға адал ниетпен беріле отырып, Алла ұлы!

¹⁴³ (Субханәк Аллаһумма) – О, Аллам, атақ-даңқын арта берсін, даңқыңмен есіміңнің қадірі артсын, мәртебең биіктесін, сенен бөтен құдай жоқ.

¹⁴⁴ (Әғузү билләһи...) – Аллаға қарғыс атқан шайтаннан құтқара көр деп жалбарынамын, қайыр-рақымы мол Аллаға!

¹⁴⁵ Әлхамды – 116-шы түсініктемені қараңыз.

Соның үшін бұл қысқа кітапта Қағбаға барған соң қалайынша хаж ету турасын жазбадық. Барам деп талап еткен кісі барудан бұрын немесе жол үстінде, я болмаса, Мекке шаһарының өз ішінде болса хаж етудің мәнісін сұрап-білмек қиын емес. Бірақ білмекке керек хаж уақыты – құрбан шалатын уақыт хәм құрбанның өзінде хажылар Мекке шаһарында шалады. Сол себепті әркім хажға барамын деп талап етсе, күн бұрын Мекке мен тұрған жерін шамалап құрбан уақытынан кейін қалмай жетісуге¹⁹⁰ тырысуға керек. Екінші Қағбатұлға тауәф етуге барған адамдарға лайық, бұл арыз тауәфтан ғайри және пайғамбарымыз Мұхаммад Мұстафа салләллаһу әләйһи уә сәлләмның хәм шаһариярларымен сахабаларының да қабір шәрифтеріне зиярат ету. Пайғамбарымыз қабіріне зиярат ету хаждың парыз уәжибіне қосылмаса да барған хажылардың өз басына айра басқа бір сауапты суннат десіпті. Пайғамбарымыз қабірі Мәдина шаһарында, Меккеден түйе жүрісімен жеті күндік жол болса керек.

Мұсылмандарға жыл сайын зу-л-хиджа айының оныншы күнінде, яғни оразадан екі ай он күн өткен соң, құрбан шалу уәжиб. Құрбан шалуда Ибраһим пайғамбар уақытынан бері мирас болды. Қисас-ул-әнбия кітабында айтылынады: бір күн Құдай тәбарак уә тағала Ибраһим пайғамбарға түсінде аян берді: «Я, Ибраһим, құрбан қыл» деп. Ибраһим тұрып жүз түйе құрбан қылды. Екінші күн және аян берді: «Я, Ибраһим, құрбан қыл» деп, Ибраһим тұрып жүз өгіз құрбан қылды. Үшінші күн және аян болды: «Я, Ибраһим, құрбан қыл» деп. Ибраһим: «Я, Құдайым, нені құрбан қылайын», – деді. Құдай тағаладан аян болды: «Бізден бөтен сүйікті не жандығың болса, соны құрбан ет» деп. Ибраһим білді ол сүйікті баласы Исмағилға ишарат еткенін, хәм тұрып Ажар атты Исмағилдың анасына айтты:

– Бір құрметті достым Исмағилды қонаққа шақырыпты, шашын, басын жу, хәм таза киіндір, – деп.

Осылайынша әдемі киіндіріп, таза жуындырып болған соң Ибраһим Исмағилды қасына ертіп және бір арқан, бір пышақ алып, тауға қарай жүрді. Мұны көріп Ібіліс шайтанның сабыр-қарары қалмай Исмағилға келіп азғыра бастады:

– Атаң қолына арқан мен пышақ не үшін алды? Сені өлтіруге алып барады. Исмағил айтты:

– Ей, ақымақ, еш уақыт есі бүтін ата жазықсыз өз баласын өлтіре ме?

¹⁹⁰ Жетісуге – жетуге.

Кәләм шәрифте былайынша айтылған (*раббәнә уәбъас фиһим расулян йатлю әләйһим айтәтика уә йүғаллимүһумул-китәбә*) уә тағала азалы құдіретінде біздің пайғамбарымыз Мұхаммед әләйһис-сәләмды Ибраһим нәсілінен һәм оның баласы Исмағил нәсілінен шығарды. Мұнан соң Құдай тағала бұйырды: «ей, Ибраһим, бұл салған Қағбаға хаж етуге халықты шақыр» – деп. Ибраһим айтты: «Құдая, мен жаңғыз бейшарамын, менің шақырған дауысым қанша халыққа естілер?»

Жарлық келді: «Шақырмақ – сенен, есітірмек – менен», – деп. Мұнан соң Ибраһим Құрайшу тауына шығып (*әйүһән-нәс инналләһә тағала бәнә ләкум бәйтән уә әмәракум ән тәхәжжәһүһ фахәжжәһүһ*) деп дауыстады. Мағынасы: «ей, адамдар, сіздерге Құдай тағала үй бина қылдырды һәм ол үйге хаж қылмаққа әмір етті, келіңіз, хаж қылыңыздар».

Бұл дауыс Құдай тағаланың бұйрығыменен жамиғ¹⁸⁸ халыққа түгел, хатта сол замандағы адамдардың болашақ замандағы өсіп-өнетін нәсіл, несіптеріне шейін естіліп, һәм бұлардың бәрі де жауап берді: (*ләббәйкә ләббәйкә ля шәрикә ләкә ләббәйкә иннәлхамдә уә-ниғмәтә ләкә уәл-мүлкә ля шәрикә ләкә*) яғни «Ей, серігің, теңдесің жоқ Құдайым, қайым¹⁸⁹ қылармын сенің қызметіңді, қайым қылармын сенің қызметіңді, ей, серігің жоқ Құдайым мақтау да, дәулет те, мүлік те бір саған лайық» деген мағынада. Ғұламалар айтысыпты, сол уақытта Ибраһим пайғамбарға «ләббәйкә» деп жауап берген адамдардың өзі, яки болашақ адамдардың жаны уақытында хажға бармай қалмас, жауап бермегендер бара алмас» – деп.

Хаж парыз болады хисабқа малы жеткен, һәм хажға барып қайтқанша үй-жамағаттарының күн көрер ауқаты бар адамдарға, һәм парыз емес ұзақ жолды көтере алмайтын ауруларға, сатынды құлдарға немесе хаж жолында қатерлі жау, залымдар бар болса, не болмаса қатерлі дариялар болса да. Бірақ Жейһун мен бір қаладай сулар дарияға қосылмайды. Қағбатуллаға барып тәуәп ету күндегілік я болмаса жыл сайын міндетті амал емес, шамасы келген адам өмірінде бір рет барып қайтса, мойнынан парыз кәміл түседі.

¹⁸⁸Жамиғ – барлық, бүкіл.

¹⁸⁹Қайым қылу – орнына келтіру, орындау.

Руқуғта тұрғанда үштен кем емес (Субханә раббияль-азым)¹⁴⁶ деп тасбих айтасыз. Мұнан соң (*самигалләһу лимән хамидә*)¹⁴⁷ деп, руқуғтан тұрып, бір рет тасбих айтқан соң шамалы тоқтаңқырап және (Аллаһу әкбәр) деп сәждеге барасыз. Сәждеге үш рет (*субханә раббияль-әғлә*)¹⁴⁸ және басты көтеріп біраз отырып, (Аллаһу әкбәр) деп және сәждеге барып, әлгі қалыпша үш рет тасбих айтасыз. Мұның соңында (Аллаһу әкбәр) деп, «түрегеліп» қол құсырып қиямға тұрып және (*бисмиләһир-рахманир-рахим* деп, «әлхамды» оқып, бір сүре қосып және руқуғқа сәждеге әлгі қалыпша барып болған соң, «Әттәхиятқа» отырасыз.

«Әттәхият» дұғасы осы (*әттәхияту лилләһи уәс-салауәту уә-таййибату әс-сәләмү әләйкә әйүһән-нәбийу уә рахматуллаһи уә бәрақәтуһу, әс-сәләму әләйнә уә әлә ибәдил-ләһис-салихин әшһәду ән лә иләһә илләлла уә әшһәду әннә Мухаммәдән абдуһу уә расулуһу. Аллаһуммә салли әлә Мухаммәдин уә әлә али Мухаммәд кәмә салләйтә әлә Ибраһимә уә әлә әли Ибраһим иннәкә хамидун мәжид, әллаһуммә бәрик әлә Мухаммәдин уә әлә әли Мухаммәдин кәмә бәрактә әлә Ибраһимә уә әлә әли Ибраһим иннәкә хамидун мәжид*)¹⁴⁹.

Мұны оқыған соң екі жаққа (*әс-сәләму әләйкум уә рахмәтуллаһ*) деп сәлем бересіз. Мұның соңында камат түсіріп, каматтан соң «Аллаға ниет қылдым ерте намазының екі ракағат парызын өтемекке, жүзім жөнелдірдім құбыла жағына (Халисән лилләһи тағалә, Аллаһу әкбәр) деп, манағы суннат қалпынша екі ракағат намаз оқырсыз. Бірақ өзіңіз біреуге имам болсаңыз, «Әлхамду» мен Құран сүресін әшкере¹⁵⁰ дауыстап оқисыз. Егер біреуге ұйып тұрсаңыз, ішіңізден намазға ниет етіп, һәм «Субханәкты» оқып «Әлһамды» һәм сүрені оқымай, имам оқығанын тындап тік тұрасыз. Имам руқуғқа сәждеге барғанда руқуғқа сәждеге бірге барып, ішіңізден тасбихтарын айтып, «Әттәхиятқа» отырғанда «әттәхиятты» һәм хафия¹⁵¹ оқып, имам сәлем берген соң бірге сәлем берерге керек.

Әуелі намазының төрт ракағат суннаты, төрт ракағат парызы һәм парыз артынан және екі ракағат суннаты бар. Бұлардың һәм ниеті, қиямы, руқуғы, сәждасы, «Әлһамды» оқу, сүре қосу, «Әттәхият-қа»

¹⁴⁶(Субханә раббияль-азым) – 126-шы түсініктемені қараңыз.

¹⁴⁷(Сәмиғалләһу лимән хамидәһу) – 127-ші түсініктемені қараңыз.

¹⁴⁸(Субханә раббияль-әғлә) – 128-ші түсініктемені қараңыз.

¹⁴⁹(Әттәхияту лилләһи...) – Аллаға мадақ-сәлем болсын...

¹⁵⁰Әшкере – дауыстап.

¹⁵¹Хафия – жасырын, құпия (іштей оқу).

отыру – барлығы жоғарыда айтылған қалыпша. Айырмасы жалғыз-ақ сол төрт ракағат намаздың әуелгі екі ракағатына «Әлһамнан» соң сүре қосылады. Соңғы екі ракағатына «Әлһамнан» басқа қосылмайды һәм алдыңғы екі ракағатты оқыған соң «Әттәхиятқа» отырғанда «Әттәхиятты» (*абдуһу уә расулуһу*-ға) шейін ғана оқып, сәлем бермей түрегеліп және «бисмилләһи...» қайырып, «Әлһамды» оқып, руқуғқа барады. Осылайша соңғы екі ракағат оқылған соң, бұл соңғы отырыста «Әттәхиятты» һәм – (*Аллаһуммә салли аля...-ны*) да тегіс оқып сәлем береді. Екінді намазында суннат оқылмайды. Төрт ракағат парызы бар. Ақшам намазында үш ракағат парыз және екі ракағат суннат бар. Хуфтан намазында әуел төрт ракағат парыз, мұнан соң екі ракағат суннат, мұнан соң үш ракағат уитр уәжиб¹⁵² намазы.

Бұл уитр уәжибтің бөтен үш ракағатты намаздан айырмасы сол, ортадағы «Әттәхияттан» тұрғаннан соң үшінші ракағатта «Әлһамду» артынан бір сүре косып, сүреден соң қолдарын жіберіп жаңадан «Аллаһу әкбәр» деп құлақ қағады. Сонан соң қайта қол құсырып Құнут¹⁵³ дұғасын оқисыз.

Құнут дұғасы осы (*Аллаһумә иннә нәстәгинукә уә нәстәғфирукә уә нумину бикә уә нәтәуәккалу әләйкә уә нусни әләйкәл-хайра нәшкурукә уә ля нәкфурукә уә нахләгу уә нәтруқу мән йәфжурүкә, Аллаһуммә ийәкә нәғбуду уә ләкә нусалли уә нәсжуду уә иләйкә нәсғә уә нәхфиду, нәржу рахмәтәкә уә нахиә азәбәкә иннә азәбәкә бил-куффари мүлхикә*)¹⁵⁴.

Бұл сурат Құнутты дұрыс білмеген кісі (*раббанә әтинә фид-дунья хасәнәтән уә фил-әхирати хасәнәтән уә қинә азәбән-нәр уәхшиурнә мәғаль-әбрат*)¹⁵⁵ рәуішті дұғаның бірін оқыса да болады.

Ен болмаса үш рет (я, Алла, я, Алла, я, Алла) десе де болар.

Жұмға¹⁵⁶ (жұма) намазы – әрбір балиғ, есі бүтін, азат һәм муқим тұрған¹⁵⁷, денесі, көзі саламат ер кісілерге парыз. Жұма намазының уақыты – өгле (бесін) намазымен бір уақыт. Ол күні жұма

¹⁵²Уитр уәжиб –Әр күні хуфтан намазынан кейін оқылатын 3 ракағат намаз.

¹⁵³Құнут–117-ші түсініктеменг қараңыз.

¹⁵⁴(Аллаһуммә иннә нәстәгинук) – О, Құдай, біз саған көмек сұрап жалбарынамыз.

¹⁵⁵(Раббәнә әтина...) – Раббымыз, бізге бұл дүниеде де ахиретте қайырымдылық жасай көр, от азабынан құтқара гөр, бізді от азабынан сақтай гөр, және бізді діншіл, көргенділер қатарына қос.

¹⁵⁶Жұмға-яумул-жұмға – бірге болу күні, аптаның бесінші күні. Бұл күні барлық мұсылмандар жұмалық намаз бен уағызды тыңдау үшін жиналуға тиіс.

¹⁵⁷Мұқим тұрған – сапарға шықпаған тұрғын.

ТӨРТІНШІ, ХАЖ ТУРАСЫНДА

Хаж ету дегеніміз өмірде бір рет араб улайындағы¹⁸⁰ Мекке шаһарында болғушы Қағбатуллаһ, яғни, Аллаға құлшылық ететін үй деп аталған орынға барып зиярат ету. Қағбатуллаһты Құдай тәбарак уә тағала Ибраһим пайғамбарға өзі бұйырып салдырымшы-дүр¹⁸². Жәбраил періштені жіберіп, Құдай тағала Ибраһимге бұйырды: «сал Қағбаны», – деп. Ибраһим әләйһис-сәләм: «Құдая, мен білмеймін Қағбаның орнының қайсы екендігін»,— деді. Сол уақытында Жәбраил келіп бір жерден бөтен тасты көтерді, сол тастың жатқан орнына салмақ Құдай тағаланың әзәлі¹⁸³ құдіреті еді. Мұнан соң Құдай тағала бұйырды «Меккеге жақын жердегі Турисина, Төр Зина, Хура, Лубнан, Жуди деген бес таудан тас келтіріп, Қағбаны сол тастарменен бина¹⁸⁴ қыл деп. Меккенің онан жақын жерінде де тас көп болса да, Құдай тәбарак уә тағала әлгі бес таудан тас келтіріп, Қағбаны салмаққа бұйырмақ. Себебі, Қағбаға соңғы уақыттарда жүзін ұрып тауәф¹⁸⁵ еткен, һәм бес намаз оқыған адамның сол бес таудың ауырлығындай күнәсі болса да күнәсін кешіремін дегенге ишарат үшін еді деп айтылады.

Қағбаны саларда Жәбраил періште тас кесті, бөтен періштелер кесілген тасты тараштап, тегістеп берді. Ибраһим пайғамбар баласы Исмағил әләйһис-сәләм ол тастарды тасып Қағбаның орнына келтірді. Ибраһим пайғамбар ол тастардан өзі қалап там жасапты. Тамды орнатарда төрт бұрышына төрт тас қойды. Бір бұрышына тас қойғанда «Субханаллаһ» деп, екінші бұрышына қойғанда «әлхамду лилләһи», үшінші бұрышында «ля иләһә илләллаһ», төртінші бұрышында «Аллаһу әкбәр» деп тасбих етті. Тамды салып болған соң Ибраһим пайғамбар Құдай тағалаға мінажат қылды «Алла, бұл үйді бізден қабыл ет» деп және дұға қылды: «ей, Құдайым, менің нәсілімнен бір пайғамбар шығар сенің бұйрығыңды, кітабыңды ғалимдерге үйретіп берсін, сен жалғыз ғазизымсың¹⁸⁶, хақимымсың¹⁸⁷».

¹⁸⁰Араб уилайаты – мұнда араб елі, жері.

¹⁸¹Зиярат ету – бару, аралау/

¹⁸²Салдырымшыдүр – салдырыпты.

¹⁸³Азали құдіреті – мәңгі құдіреті.

¹⁸⁴Бина (бана) – салу, орнату.

¹⁸⁵Тауәф ету – Қағбаны айналып жүру.

¹⁸⁶Ғазиз, азиз – қымбатты, құрметті, аяулы, құдіретті, әзіз.

¹⁸⁷Хақим – дана, данышпан.

- Сиыр алпысқа толса, бір жасардан екі өгізше бермек керек.
- Мұнан соң әр отыз сиырға бір жасар бір сиыр,
- Әр қырық сиырға екі жасар бір сиыр қосыла береді.
- Қой мен ешкі қырыққа толса, жүз жиырмаға шейін екі жасар бір қой, я ешкі бермек керек.
- Жүз жиырма бір болғана екі жүзге шейін екі қой,
- Екі жүз бір қойға үш қой,
- Үш жүз бірден төрт жүзге шейін төрт қой,
- Мұнан соң әр жүз қойға бір қой беріле береді.

Жылқының мінуден артығының араб жұртындағы қымбат аттардың әрқайсысына-бір динар, яғни бір алтын. Бірақ ондай қымбат бағалы жылқысы жоқ жерлерде аслия¹⁷⁹ қажетінен артық жылқыларын ақшаға кесіп, екі жүз дирһәмдік жылқыдан бес дирһәм немесе қырық теңгелік жылқыдан бір теңге беріледі, яки сол бағаға кесіп жылқы берілсе де дұрыс болар.

Алтынның жиырма мысқалдан кеміне зекет парыз емес, жиырма мысқал алтынға жарым мысқал алтын беру керек. Күмістің екі жүз дирһәмінен кеміне зекет парыз емес. Екі жүз дирһәмге бес дирһәм зекет беру керек. Бұлайынша болғанда алтын-күмістің қырық теңгесінен бір теңге тиісті болады. Мұнан ғайри асыл тас, меруерт, лағыл, маржандай нәрселер, егер өз тұтымына керек деп сақтамай сауда ниетімен сақталынса, мұнан да зекет тиіс. Бағалысына қарай, яғни, ол асыл нәрселердің бағасы екі жүз дирһәмге толса, бес дирһәм зекет беру керек (алтын, күміс рәуішті). Астық, яғни егіннің зекеті, егер далаға егіліп құр қар мен жаңбыр суларымен тұрса, зекетті оннан бір, яғни, он пұттан бір пұт, егер қауғамен, шелекпен су құйып шығарылған егін болса, оннан бірдің жартысы беріледі, яғни он пұттан жарты пұт, жиырмадан бір пұт берілсе керек.

¹⁷⁹Аслия – негізгі.

оқу үшін ғұсл құйыну – суннат. Бұл намазға барған кісі киімінің жақсысын киіп хәм хош иістерменен иістенген дұрыс хәм көңілінде «я, Құдайым, бұл жұмадан екінші жұмаға шейін аман сақтап, хәм екінші жұмаға оқырға жаза көр» деп тілекте болмақ керек.

Шын ықыласыменен бұл намазды оқып, тілек тілегендердің Құдай тәбәрак уә тағала тілегін беріп, хәм күнәларын кешірет деген. Жұма намазын оқырға келген кісі әуелі мәсжидке келіп кірген соң-ақ екі рақағат «тәхиятул-мәсжид»¹⁵⁸ намазынан оқиды: ниетті Аллаға ниет қылдым екі рақағат «тәхиятул-мас-жид» намазын өтемекке жүзімді қараттым құбыла тарапына (халисан лилләһи тағала, Аллаһу әкбәр). Бұл намазды оқып болған соң, төрт рақағат жұма намазының суннаты оқылады. Мұнан соң имаммен бірге хұтба¹⁵⁹ оқуға шыққан соң жамағат намаз оқудан хәм тасбих айтудан тыйылып, имамның сезін тындайды. Мұның соңында имамға ұйып, жұма намазының екі рақағат парызы оқылады. Мұнан соң жұма намазының және төрт рақағат суннаты оқылады. Мұнан соң мойында парыз болған төрт рақағат, ақырғы өгле (бесін) намазы оқылады. Мұнан соң екі рақағат сол уақыттың суннаты оқылады. Ниетті Аллаға ниет қылдым осы уақыттың екі рақағат суннатын өтемекке, жүзім жөнелдірдім құбыла жағына (халисан лилләһи тағала, Аллаһу әкбәр).

Айт намаздары – уәжиб, жылында екі рет болады.

Бірі – Рамазан¹⁶⁰ айының соңында, екіншісі – құрбан уақытында. Бұл намаздардың уақыты – күн бір найза, я екі найза бойы көтеріліп шыққаннан бастап өгле уақытына шейін. Айт күнінде әдемі таза киім кимек, хош иістермен иістену хәм ораза айты болса, намазын оқудан бұрын ас жемек мұстахаб. Оразаның пітірін, яғни садақасын айт намазынан бұрын бермек уәжиб. Бірақ Құрбан айтында тамақты айт намазынан соң жеу мұстахаб және Құрбан айтында әлгі айтылған қалыпша таза киім киіп мәсжидке қарай жүргенде көшке қосылып мәсжидке жеткенше такбир айтып бару мұстахаб.

(Аллаһу әкбәр, Аллаһу әкбәр, ля иләһә илләллаһу уәллаһу әкбәр, Аллаһу әкбәр уә лилләһил-хамд)¹⁶¹ деп. Бұл такбир әр айтқанда үш реттен айтылады. Және осы такбирды Құрбан күндерінде шаһар жұртында әр бес уақыт намаздың соңында уәжиб десіпті.

¹⁵⁸Тәхиятул-мәсжид – мешітке сәлем беру намазы.

¹⁵⁹Хұтба – сөз сөйлеу, діни уағыз, насихат.

¹⁶⁰Рамазан – мұсылман ай жылнамасының тоғызыншы айы, ораза айы.

¹⁶¹(Аллаһу әкбәр, Аллаһу әкбәр...) – Алла ұлы, Алла ұлы, Алладан басқа құдай жоқ және Алла ұлы, Алла ұлы, мадақ Аллаға.

Ораза айтының ниеті бұл (*әгузу билляһи минәш-шәйтанир-рәжим бисмилләһир-рахманир-рахим*) айтып Аллаға ниет қылдым ғид фитр¹⁶² намазын өтемекке барша такбирларымен жүзім жөнелдірдім құбыла жағына, ұйыдым осы хадыр имамға (халисан лилләһи тағала, Аллаһу әкбәр) делінеді. Мұнан соң, қалыпты намазға қол құсырып «субханәк» оқып, мұнан соң имаммен бірге қолдарын жібере-жібере үш рет (Аллаһу әкбәр) деп қағу керек. Мұның соңында және қолды құсырып, имам рукуғқа сәждеге барғанда бірге барып, екінші ракағатта имам «Әл-хамдумен» оған қосылатын сүрені оқып болған соң имаммен бірге және қолдарын жібере-жібере үш рет «Аллаһу әкбәр» деп құлақ қағу керек. Төртінші «Аллаһу әкбәр» дегенде имаммен бірге рукуғқа сәждеге барып, «әт-тәхият» оқып, намаз тамам етілінеді.

Құрбан айтының намазы да осы рәуішті: «ниетті Аллаға ниет қылдым ғид құрбан намазын¹⁶³ өтемекке...» ақырына шейін.

Жаназа намазы — парыз кифайа¹⁶⁴... Парыз кифая дегеніміз: үй ішінен, не көп ішінен бір адам орнына келтірумен бөтендердің де мойнынан түсетін парыз. Мәселен, жаназаға шақырушы келгенде бір үйден бір кісі барумен ол үйдің ішінде бөтен жамағаттардың мойнынан да парыз түседі, не болмаса біреу бір топ кісіге жақын келіп сәлем берсе, ол топтың ішінен бір адам сәлем алумен бөтендердің де мойнынан парыз түседі, немесе араб тілін бір бөлік халықтан бір адам білуменен ол халықтың мойнынан тегіс парыз түседі. Әркімнің өз басы орнына келтірмей болмайтұғын парыздарды – фарзу айн¹⁶⁵ деп атайды. Мәселен, иман, намаз, руза рәуіштілер. Жаназа дұрыс сондай өліктерге, егер ол өлік мұсылман болып һәм шарифатқа тиісті жуылып, дәреті алынса. Ниетті, жаназа намазын өтемекке, Аллаға сана¹⁶⁶ үшін, пайғамбарға даруд¹⁶⁷ үшін, бұл өлікке дұға сауаб үшін жөнелдім құбыла жағына (халисан лилләһи тағала, Аллаһу әкбәр) деп құлақ қағып, қолдарын қалыпша құсырып, «субханәк» айтып, мұнан соң қолды құсырған күйінше имам әшкере һәм ұйығандар хафия¹⁶⁸ (Аллаһу әкбәр) деп такбир айтады. Мұнан соң аяқ үстінде тұрған қалыпша салауат оқылады.

¹⁶² Ғид фитр намазы – ораза айт намазы.

¹⁶³ Ғид құрбан – Құрбан айт.

¹⁶⁴ Фарз кифая – 12-ші түсініктемені қараңыз.

¹⁶⁵ Фарзу айн – әр адамның жеке басының парызы, борышы.

¹⁶⁶ Сәнә – 1. Қошамет сөз; 2. Мактау, 3. Алғыс.

¹⁶⁷ Даруд — парсыша: мадақтау, тәжім ету.

¹⁶⁸ Хафия – 151-ші түсініктемені қараңыз.

- алтыншы, Құдай разылығы үшін ғазуатқа¹⁷⁸ шыққан яғни дұшпаны болып жаугершілік етіп тұрған кафирлерге дін үшін аттанысқа шыққан адамдарға, не болмаса хаж жолына барамын деп талап еткен бейшараларға;
- жетінші, ұзақ жолда жүріп мүсәпірліктен пұлға мұқтаз болып тұрған адамдарға.

Осы жеті түрлі адамдардың қайсысына берілсе де зекет дұрыс. Бірақ зекетті берген уақытта ең әуелі әркім өз ағайыны һәм көршілері арасындағы пақыр, мискин, қарыздарларына бермек артығырақ. Оның үшін жақын, көрші адамдарға қарасу дәулетті кісілерге уәжиб болса керек.

Зекеттің берілетін шамасы осы қалыпша:

- түйе малдың бестен кеміне зекет жоқ,
- бес түйеден тоғыз түйеге шейін – бір қой,
- он түйеден он төртке шейін – екі қой,
- он бестен жиырмаға шейін – үш қой, жиырмадан жиырма беске шейін – төрт қой,
- жиырма бестен отыз алтыға шейін – тайлақ, яки бір тайлақтың басын төлемек,
- отыз алтыдан қырық алтыға шейін – құнажын інген,
- қырық алтыдан алпыс беске шейін – бір беске шығар атан,
- алпыс бестен жетпіс алтыға дейін – бесті түйе,
- жетпіс алтыдан тоқсан бірге дейін – екі құнажын інген,
- тоқсан бірден жүз жиырмаға шейін – екі дөнежін інген,
- жүз жиырмадан асқан соң әр бес түйеге бір қой қосыла береді.

Сиырдың отызына кеміне зекет парыз емес. Отыздан қырыққа шейін сиыры бар кісіден бір жасқа толған бір сиыр, яғни тайынша тиісті болады, ұрғашы, еркек болса да.

- Қырық сиырдан – бір құнан өгіз;
- Қырықтан алпысқа шейін-арасындағы сиыр алпысқа жеткенше-ақшаға хисаб етіліп, қырық сиырға берген бір сиырдың бағасына зекет неше сомнан келсе, сонша сом зекет беріледі.

¹⁷⁸ ғазуатқа -(газуатун, көпше – ғазуат) – жорық, соғыс.

Мұны каффарат¹⁷⁶ деп атайды. Бірақ егер бір рамазан я рамазан ішінде болса да, бір күн ғана емес, әлденеше рет осылайша рузаны ұстап тұрып, ұстаған күнінде себепсіз ашып жібере берген адамдарға да әр күніне алпыс күн емес, сол ашылған күндердің бәріне бір рет алпыс күн каффарат бұйырылады. Оразаның ішінде қай уақытта да болса, һәм айт намазының алдында, әрбір ораза ұстаған-ұстамаған адамдарға, хатта сәбиге де, бірақ хисабқа толатын малы болса, пітір есімді садақа бермек уәжиб. Пітірдің бұйрықты шамасы адам басына бес қадақ бидайдың өзі, не болмаса ұны, яки он қадақ арпа немесе кара ұн, я болмаса солардың бағасы берілсе де болар. Садақа пақыр мискинге¹⁷⁷ беріледі. Уақытында бір түрлі Ораза айтының ниеті бұл (*әгузү билляһи минәш-шәйтанир-рәжим бисмилләһир-рахманир-рахим*) айтып Аллаға ниет қылдым ғид себеппен пітір бермегендер соңынан да болса қазасын өтемек керек.

ҮШІНШІ, ЗЕКЕТ ТУРАСЫНДА

Зекет парыз болады:

- әуелі, балиғлыққа жетіскен құл емес, азат, есі бүтін һәм мұсылман адамнан;
- екінші, өзінің, қатынының, балаларының, қызметкерлерінің бір жылдық қыс-жаз киетін киімдерінен, мінетін көлік, жейтін тамағына керекті және үй ішінің тұтымына керекті аяқ-табақ, төсек-орын рәуіштілерден артылатын малы бар адамға.

Зекеттің берілетін орындары:

- әуелі, хисабқа, яғни, әлгі бір жылдық қаражаттан артылатын шамаға малы жетпеген пақырларға;
- екінші, мискинге, (мискин деп ешнәрсе жоқ бейшараны айтады);
- үшінші, патшаның жіберген зекетшілеріне;
- төртінші, басын құлдықтан сатып алуға пұл керек болған адамдарға;
- бесінші, малы хисабқа толмайтын қарыздарларға яғни қарызын өтеуге малға мұқтаж болып тұрған адамдарға;

¹⁷⁶Каффарат – 1. Күнәсін жуу, 2. Күнәсін жуу үшін берілетін қайыр садақа, 3. Күнәсін өтеу үшін ораза ұстау.

¹⁷⁷Мискин – бейшара, бақытсыз.

Яғни (Аллаһуммә салли аля...) ақырына шейін. Мұнан соң өлік балиғлыққа жеткен еркек, әйел болса да бұл дұғаны оқиды:

*(Аллаһуммәғфир лихайинә, уә мәйитинә, уә щәһидинә уә ғәйбинә, уә сағиринә, уә кәбиринә, уә зәкаринә, уә унсәнә, Аллаһуммә мән әхйәйтәһу миннә фә әхйиһи аләл-исләм, уә мән тәуәффәйтәһу миннә фә тәуәффәһу аләл-иман, Аллаһуммә ин кәнә мухсинән фәзид фи ихсәниһи, уә ин кәнә мусиән фәтәжәуәз анһу)*¹⁶⁹.

Мұнан соң (Аллаһу әкбәр) деп екі жаққа сәлем береді. Егерде өлік балиғлыққа жетпеген бала болса, не болмаса, жасынан бері жынды, есалаң адам болса, әлгі дұғаның орнына бұл дұғаны оқымақ керек: *(Аллаһуммәжғалһу ләнә фәратан уәжғалһу ләнә әжран уә зухран уәжғалһу ләнә шәфиган уә мушәффәған би рахмәтикә-ярхамур-рахимин)*¹⁷⁰.

Бұл жаназа дұғаларын арабша жақсы білмеген кісі олардың орнына қазақ тілінде дұға қылуға да болады: «ей, Құдайым, рахмет ет біздің тірілерімізге, өліктерімізге, барымызға, жоғымызға, үлкенімізге, кішімізге, еркектерімізге, қатындарымызға. Ей, Құдайым, бұл өлік рахматты болса рахматын арттыр, күнәлі болса күнәсін кешір» деп. Сәбилер мен есалаң адамдардың турасындағы жаназа дұғасының қазақша мағынасы: «ей, Құдайым, бұл өлікті біздерге басшы һәм еріткіші¹⁷¹ қыл және бұл сәби себепті біздің сауабымызды артылдырып, мақтандыр және бұл сәбиді біздерге шапағатшы һәм шапағатты болмыстардан қыл. Ей, рахым қылушылардың рахым қылушысы Құдайым, өзің рахмет қыл» деген мағынада. Жаназа намазында кісі аз да болса жеткенше үш қатар тұру суннат. Мәселен, жеті кісі болса үш-үштен екі қатар және біреуі артында жалғыз бір қатар болып тұру дұрыс. Жаназа оқыған орын таза болмаса, яки өлік таза болмаса, яки имамның не киімі, не өзі таза болмаса намаз дұрыс болмайды.

Тауәрих намаз¹⁷² суннат 25 (*суннет және уитр намаздарымен қоса*) бас намаз Рамазан айының әр кешінде оқылады. Әр екі ракағат намаздан соң «Әттәхият» оқылып, сәлем беріледі.

¹⁶⁹(Аллаһуммәғфир...) – Ей, Алла, кешіргін....

¹⁷⁰(Аллаһуммәжғалһу...) – Ей, Құдайым, оны, яғни өлген адамды бізге бастаушы ертуші қыл және бізге шапағатшы,

¹⁷¹Еріткіші – ертуші.

¹⁷²Тарауих намаз – Рамазан айында оқылатын қосымша намаздар.

Осылайша екі ракағаттан төрт ракағат оқылып сәлем берілген артынан «Тасбих» оқылады:

(субханә зил-мулки уәл-мәләкут, субханә зил-гиззәти уәл-ғазәмәт уәл-құдрәти уәл-кибриәи уәл-жабә-рут субханәл-мәликил-хайилләзи ля йамут, суббухун құддусун раббуль-мәләикәти уәр-рух, ля иләһә илләллаһу нәстәғфируллаһа насәлукәл-жәннәтә уә нәғузу бикә минән-нар)¹⁷³.

Бұл салауатты имам не шәкірттер әшкере оқып, бөтендер тыңдап отырысады. Яки әркім ішінен оқыса да дұрыс. Тарауих намазының уақыты хуфтан намазымен бір уақыт. Бірақ тарауихты хуфтан намазынан бұрын оқу дұрыс емес. Хатта біреу имам тарауих намазын оқып тұрғанның үстіне келсе де әуелі хуфтанды оқымастан бұрын тарауих намазын оқымақ дұрыс болмайды. Соның үшін тарауихқа барған кісі әуелі имамға ұйып хуфтанның төрт ракағат парызын, һәм екі ракағат суннатын оқып болып, мұның артынан тарауих оқырға керек. Тарауих соңынан әшкере имамға ұйылып Уитр намазы¹⁷⁴ оқылып, намаз тәмам етілінеді.

Жолаушылыққа, сапарға шыққанда намазды қысқартып оқу керек. Сапар деп түйе жүрісімен үш күндік жолға жолаушылық етуді айтады. Қысқартып оқығандағы айырмасы сол – төрт ракағат парызды екі ракағат етіп оқу керек. Мұнан басқа намаздар қалыпша оқылады. Егер жолаушы келе жатып біреудің шаһарына келіп, тұрғылықты елдің имамына ұйысаңыз, онда намазды ол имаммен бірге бүтін оқисыз. Егер тұрғылықты адам жолаушыны имам етіп оқыса, ол ел адамы төрт ракағат парыздың екі ракағатын оқып, алдыңғы «Әт-тәхиятты» (*абдуһу уә расулуһу..-ға*) шейін ғана оқып отыру керек. Имам екі ракағатты оқып сәлем бергенде, ол ел кісісі сәлем берместен түрегеліп, қалған екі ракағатын өзі оқып, төрт ракағатты түгендесе керек.

¹⁷³(Субханә зил – мулки...) – мүлік пен биліктің иесі Алла кемшіліктен пәк!

¹⁷⁴Уитр, – 152-ші түсініктемені қараңыз.

ЕКІНШІ, РУЗА ТУРАСЫНДА

Жоғарыда ағмал заһирдің екінші міндеті – руза деп едік. Әр жыл рамазан айында отыз күн руза тұту парыз. Рамазан деген сөз «күйдірген» деген мағынада. Яғни рамазан айында руза ұстағандардың күнәсі күйдірілө-дүр. Рузаны зәрурисіз ұстамағандар ақыретте зор азапта болар.

Рузаның уақыты – таң қызара бастағаннан күн батқанша. Сол екі уақыттың арасында ешбір тамақ асамақ, ішпек дұрыс емес. Хатта мейір қанып дене рахаттанатын яғни үстіне су құйдыру, суға малынған киімге орану рәуіштілер де макруһ.

Оразаның шарты сол бас күнінің алдыңғы түнінде ниет етерге керек: «ей, Құдайым, ниет қылдым келешек күн Рамазан айының оразасын ұстамаққа таң атқаннан күн батқанша» деп. Түнде ниет етуге ұмытып кеткен кісі ораза ұстаған күні түске шейін ниет етсе де болады. Егер тіпті ниет етпесе руза дұрыс емес. Оның үшін ниет ету өзі парыз. Парызды орнына келтірмегендіктен, құлшылық дұрыс бола алмаса керек. Рузаны ұстамасқа болады: ауру болып дертіне оразадан залал болардай болса, әйел жүкті болғанда һәм жас бала емізген уақытында балаларына зиян келердей болса, яки жолаушыларға. Жолаушылық сапар деп түйе жүрісімен үш күндік жер, не орта есеппен 125 шақырымдай (90 км) жерге жолаушылық етуді айтады. Осындай себептермен ораза ұсталмаған болса, соңғы уақыттарда күніне-күн руза ұстаумен парыз мойнынан түседі. Бірақ соңғы уақытқа да ораза ұстауға халі келмейтін қарттарға мұның орнына оразаның һәр күніне бір тамақсыз пақырға тамақ жегізіп тұрса да қарыз өтелсе керек.

Ұмытып ас жегеннен, ішкеннен руза бұзылмайды. Бірақ ұмытпайынша көріне хатадан, мәселен, дәрет алып отырып тамаққа су кетсе ораза бұзылады. Күніне-күн қайта ораза ұстау керек. Тамақты шайнау, дәмін тату – макруһ. Жалғыз-ақ жас баласы бар қатын зарури¹⁷⁵ болғанда баласына тамақ шайнап берумен макруһ болмас... Және ас пісіруші адамдар тамақтың тұзын байқауға мұқтаж болса, осы себептен пісірген асын татып байқаумен де макруһ болмас деген. Егер бір адам рузаға ниет етіп, ұстап тұрып, біле, көре ұстаған күні ашып жіберсе, бір күніне де алпыс күн ораза ұстауға керек.

¹⁷⁵Зәрури (даруратун): – мұқтаждық, қажеттілік.